

821.512.122


P 17



Тамура

кітапханасы

# МАРАЛТАЙ



Асау



Атамұра

АҚ кітапханасы

МАРАЛТАЙ

# Асау

Өлеңдер

*Бұл кітап менің барша жырымды  
жатқа оқитын ұлт поэзиясының досы  
Саят Есімхановқа арналады.*

**Автор**



Алматы  
«Атамұра»  
2014

УДК 821. 512. 122 – 1

~~ББК 84 (5 қаз) – 5~~

P 17



**Райымбекұлы М.**

**P 17 Асау: Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 176 бет.**

ISBN 978-601-282-889-4

Асау... Асаулық ұлт болмысындағы бағзы бабалардан қалған аманат еді. Маралтай жырлары осынау өр Рухқа суарылған алдаспан іспеттес. Ұлы Даланың кеңдігін көксеген көңіл, боз жусанның жұпарын аңсаған пейіл ақын жүрегінен он сегіз мың ғаламға қарап кісінеп тұрғандай...

УДК 821. 512. 122 – 1

ББК 84 (5 қаз) – 5

ISBN 978-601-282-889-4

© Райымбекұлы М., 2014

© «Атамұра», 2014

## АСАУ

Баса алмай жүрек солқылын,  
Аңсайды, құрғыр, беу, нені?  
Еркіндік шығар ол мүмкін  
Жаңғыртқан қайта зердені?

Мияты, арман, мақсұты  
Сыймайтын ұсақ безбенге.  
Асырап ардың ақ сүті,  
Киесі биік сөзден де.

Қатыгез мынау ғаламда  
Жарқылдап оттай жанары,  
Дөңгелеп дүние табанда  
Арғымақ ағып барады.

Тегінен жүрдай, тегінде,  
Өткенін тани алар ма?  
Бас иген өмір өмір ме  
Бағынып қағидаларға?!

Азаттық, қайран, ыркын ап,  
Бауырын жазып, сөгіліп.  
Қымыздай ашып, бұрқырап,  
Бозадай боздап, төгіліп.

Бұғалық тимей қылқынып,  
Көңілін кенет жүдетіп.  
Бұлғарыдай бұлқынып,  
Бұлдырықтай пыр етіп.

Асаулық заулап келеді.  
(Асау боп асау өледі!)  
Қаны бір, жаны қазақпен  
Бас білмей өткен... себебі.

Баса алмай жүрек солқылын,  
Аңсайды, құрғыр, беу, нені?  
Тектілік шығар ол мүмкін  
Тепкілеп тұрған кеудені.

Еркіндік – арман, мұраты  
Асауды көрсем кейде мен.  
Еске сап Сізді тұрады  
Бағзы бір асқақ бейнемен.

## БІР ҚЫЗ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Албастыдай аппақ шашы жайылған.  
Аққу құстай сыңарынан айырған,  
Қарағаштай қапияда жай ұрған.

Аты кім ед?  
Гүлнұр ма еді, гүл ме еді.  
Заты кім ед?  
Нұр ма, әлде, түн бе еді.  
Өзге түгіл өзі де оны білмеді.

Ауызынан ақтарылып ақ көбік.  
Екі өмірдің шекарасын қақ бөліп,  
Жатты солай тіршілікке жат болып.

Нәзік жібі қалды үзіліп үміттің.  
От құшағын талақ етіп жігіттің.  
Он алты ма,  
Он бесте ме ұмыттым.

Әулие мен Әмбиселер пір еді.  
Баб ата мен Шашты Әзізге түнеді,  
Айықпады асау-аусар жүрегі.

Қобыз екен қыз дертінің дауасы.  
Тапса соны тарқар депті наласы,  
Ал, қобыздың көрінбейді қарасы.

О кездері Балтабайдың жоқ ізі.  
Жарамады Ықыластың қобызы,  
Және келді қылқобыздың тоғызы.

Іздегенін бұ дүниеден таппады.  
Рауандап таң ағарған шақтағы,  
Құшак жайды Ұжымақтың бақтары...

Солай,сөйтiп шырақ кұсап сөнген кыз.  
Сөнген кызды ауыл болып көмгенбiз,  
Өлген кыздың өлiмiне сенгенбiз.

Кенет,кенет сұмдық аңыз тарады  
Қолтығында қобызы бар қаралы,  
Бiр жас сұлу кезiп жүр деп даланы.

Жоқ қараған қарт көрiптi бiр күнi.  
Түзге шыққан жас көрiптi бiр күнi,  
Сыңк-сыңқ еткен сайтанилау күлкiнi.

Изi қапты қар бетiнде жосылып.  
Аңыраған қобызына қосылып,  
Көрген кiсi жан ұшырған шошынып.

Жұбын жоқтап қар қызындай сыңсыған.  
Түске кiрсе ояна алмай тұншығам,  
Елес берiп қыз рухы тыншыған.

Содан берi  
Мойынымда бұғалық.  
Тәңiр iсiн қалай,қайтiп ұғалық.  
Қобыз көрсем күбiрлеймiн дұға ғып.

Кiм кiнәлi жаратылыс жаңылса,  
Мен қайтейiн жан екiге жарылса.  
Бұл дүниеге қайтып келiп несi бар,  
Издегенi о дүниеден табылса.



## КӨНЕ ТАРАЗ

Ниет еткен мұсылмандай намазға,  
Ниет етіп ғазал төктім қағазға.  
Ғасырлардың саусағында нұр шашқан  
Гауһар жүзік секілденген Таразға.

Көне шаһар көз алдында көлбесе,  
Ғазиз көңіл әлденеге шөлдесе.  
Жұмақты іздеп жанталасқан жан болса,  
Таразға кел, Таразды көр ендеше.

Ғашық жүрек жырға ынтық, гүлге әсем  
Қожа Хафиз, мұңымыз бір, сыйлас ең.  
Бір мең тұрмақ қос меңі үшін сұлудың  
Таразымның түйір тасын қимас ем.

Төрт қақпасы төрт тарапқа қараған,  
Нәйдің назы, дутар сазы тараған.  
Шайханада қорқор тартып көпестер,  
Мәйханада мұңаяды марал ән.

Кірпігімен Күн бетінен бұлт ілген,  
Сол ғасырға өтіп кетсем, шіркін, мен.  
Айлы түнде шомылар ма ем Таласқа  
Пәранжасыз пүліш киген сылқыммен.

Серпі, уақыт, заманалар түнегін,  
Тарихыма тартып туған ұл едім.  
Жұлдыз атғас жалғыз шаһар Жердегі,  
Рүстемнің елжіреткен жүрегін.

Ниет еткен мұсылмандай намазға,  
Ниет етіп ғазал төгіп қағазға.  
Ақгық рет қағылғанда кірпігім,  
Бір ұлы көш бетін түзер Таразға.

## ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ

Жез қоңырау жылайтын жазға қарай,  
Жаз ғұмыры жастықтың аз қалғандай.  
Гүлдей дәурен тұратын гүл құшақтап,  
Жанарында қыздардың маздап арай.

Қадірінді сездім бе,  
Сезбедім-ау,  
Жылы ұшырап тұратын көзге мынау.  
Менің балғын күнімнің белгісіндей,  
Жез қоңырау, қайда сол жез қоңырау?

Шеті сынық болса да, күмбір қағып,  
Күмбір қағып тұратын – мың бір бақыт.  
Күні батқан кісідей сені-дағы  
Тастады ма лақтырып құрғыр уақыт.

Жез қоңырау сөйлейтін күз келгенде,  
Күз келгенде,  
Мектепке біз келгенде.  
Сүйісіп те көрмеген сүйкімді қыз  
Жүздесетін едім ғой сізбен мен де.

Жез қоңырау жылайтын жазға қарай,  
Аққу ұшып, айдында қаз қалғандай.  
Көтеріп ап жүгірсек мәз болатын  
Кекіліне бақ қонған жазған бала-ай.

Қадірінді сездім бе,  
Сезбедім-ау.  
Жез қоңырау!  
... қайда сол – жез қоңырау!

## «БОЗИНГЕН»

Қамшысын солай білей ме?!  
Адасып қалған ақботасына дүлейде.  
Шанаққа сыймас сырымды  
шертіп нем бар ед  
Түлік танымас түлейге!

Тағдырым менің – кара нар...  
Бүгін – ақтабан,  
Ақтабаншалап Қаратау жаққа қаптаған  
Боздап та жүрген бозінген көрсен,  
сұрт көзін,  
Ал, егер атар оғыңыз қалса, ат маған!

Көбік жұтқандай, уа, көп пенде,  
Шыңырауға ділің жеткен бе?  
Құдай мен Мені  
күйге ұқсас бір үн баурайды  
Құс қайтар шақ пен көктемде.

Қоңыр үн өзі, момын үн өзі зары бар,  
Зары бар кісі беймәлім жаққа зарығар.  
Бүлкілдеп желіп ботасын іздеп бара ма,  
Иесін аңсап келе ме әлде жануар?

Тағат таптырмас жанына,  
Тегіне біткен Қарабураның қаны ма?  
Иенді сенің киесін білмей көмгенбіз,  
Қамыға көрме, қамыға.

Сыбырлап жусан, қыбырлап  
анау құмырсқа,  
Шындықты көксеп шырылдап жатса,  
бұрыс па?!

Бозінген боздап алдыға келді –  
бұйдалы,  
Бұйдасын шешіп бұйрыққа көнген дұрыс та!

## СҮЙІНШІ

Өмірге рұқсат берілді!!!  
Жарық дүние дидарын –  
Екеуімізге бірге жазды көруді.  
Менде дос көп, сенде жау жоқ (әдемі).  
Дұрысталды дүниенің сәлемі.  
Ластауға лайықсыз – Лә ил Аллам,  
Сүйіншіге жанымды алсаң, ал енді!  
Бес күн ойдым бесігіңнің бедерін.  
(О, кішкентай – қайталанбас өлеңім.)  
Шүмегіңнен шүметейің шықса аман,  
Көрімді де өзің қазсаң деп едім.  
Үйлесімсіз тіршілікке мұрындық  
Сен боларсың!  
(Біздер кейін бұрылдық.)  
Құстан да зау шығып кеткен биікке  
Бір ақынның атын қойдым ырым ғып.  
Шертпе сезім сүгірленді селге тең,  
Сыйсаң еді – маңдайыма... жерге кең.  
Жан-жарыңнан туған ұлдың қызығы  
Сүйіктіңнің қылығынан кем бе екен!  
Құлыншағым (кейін өзің қалғанда),  
Мен өртенген ауыр жолға қамданба.  
Әке тілін баласы алса жалғанда  
Арман бар ма! Арманға...

## АДАСҚАҚ

Беу, Жайық, қарашығы жанарымның,  
Мен де бір маңып кеткен маралыңмын.  
Батысқа ішім күйіп қарай берем,  
Шығыстан шыққан сайын ағарып Күн.

Аһ ұрып аруағын арқа тұтып,  
Басына тал дарақтың шарһат іліп.  
Ақ Жайық – атамыздың белбеуі еді  
Белінен түсіп қалған тарқатылып.

Беліңнен тарқатылып мен де кеткем,  
Ешкім жоқ одан кейін еркелеткен.  
Адасқан ақботадай анасынан,  
Өзегін өмір бойы өртеп өткен.

Өзегін өртеген ер аз тумаған,  
Ақ моншақ толқынында саз тулаған.  
Жайығым – жаһандағы жалғызым-ай,  
Қай жерім артық менің Қазтуғаннан.

Еш жерім артық емес бұрынғыдан,  
Білместер бұрынғымды зығыр қылған.  
Ықанның қыл қобызы не дегенін  
Сүгірдің «Бозінгені» ұғындырған.

Жырым да, айбыным да сай тұлғама,  
Менікі жан азабын айту ғана,  
Орманға ұлымайды біздің жүрек,  
Төменде Жер, төбемде Ай тұрғанда!

Жайығым, маған да сыр шертетіндей,  
Баяғы бабам көрген ерке күндей.  
... Мен саған түбі әйтеуір ораламын,  
Аяғы әйбат біткен ертегідей.

## «АЙНАМКӨЗ»

Жаратқанға созған қол  
жасын қиып жалғанбай,  
Күй кешесің біртүрлі  
өрт ішінде қалғандай.  
Өксік, ыза, өкініш,  
аңсау, сую... армандай,  
Өзіңе-өзің үңіліп...  
мұң басады малмандай.  
Жауға шапқан жалғыздай  
жаннан безіп, шегінбей,  
Біздің аңсар – ұлы аңсар  
Қазтуғанның кегіндей.  
Қамау, қақпай көп көрген  
тұтқындағы бегімдей,  
Қырық қылдан өрілген  
қылқобыздың шегіндей.  
Күрсінеді Айнамкөз,  
астарында кермек үн,  
Қотарғандай ішінді  
құты қашар пенденің,  
Бір жұмбақ мұң лып етіп  
бетін сүйсе пенденің,  
Мен тұрамын теңселіп,  
түбін қазып зердемнің.  
Тамсана алсаң, тамсан ал!  
Биік десе биіктей,  
Әнші азайып кеткенде  
Арқадағы киіктей.  
Тама болып туғаны  
Адайларға күйіктей,  
(Ән тындаған сәтінде  
өмір неткен сүйікті-ей?!)

## КУЗГІ ПАЛИТРА

*Жақсыбек, Бақытжан, Сәтжан,  
жанымыз жәннатта жолыққай.*

Дос көп еді,  
Өлді бәрі тым ерте,  
Күндер жетті жетегіне мұң ерте.  
Түндерім тұр – сұры қашып сұрланып,  
Гүлдерім тұр – қабақтарын түнерте.

Қайғы жауып көңілінің кемерін,  
Тәнін іреп уілдейді нелер үн –  
Тұңғыш сезген сәбидей-ақ түбінде  
Ажалдың бір төнерін.

Шырай тайып нарттай қызыл түсінен,  
Дірілдейді жапырағы үсіген...  
«Мұндай болса, келмес ем, – деп, – өмірге»  
Мен сияқты күбірлей ме ішінен.

Түтіге кеп төңірекке төнді сыз,  
Бақ кезбеспіз баяғыдай енді біз.  
Бұл аққайың – қайың емес, бір кезде  
Жүрегіне жара түскен меңді қыз.

Қара жерге қайта қонған кері ұшып –  
Шық досымен қырау да әлек керісіп,  
Азан-қазан екі дүние арасы –  
Құрақ құлап, бұлақпенен көрісіп.

Көз сүрінер аянышты әлемге,  
Бәрі шерлі,  
Көрген жоқпын хал өңге.  
Ұша алмаған жан-жағынан тұсап от,  
Кек кернеген жалғыздыққа құса боп,  
Бағытынан жаңылысқан құс көрсен,  
Маған – оны,  
Оны -- маған мысал ет.

## ҚАҢҒЫБАС-1

Алматыға келдім мен,  
Сенделіп – жаз, қыста да,  
Көшесіне мас күнімді бердім мен,  
Тағдырымды -- Құдай деген ұстаға.

Бауыр, Ана, Әке өлген –  
Ақ ажалдың азығы.  
Бірақ мені Алматыға әкелген,  
Олар түгіл, пойыздың жоқ жазығы.

Жол жабылды. Алды-артым жар кілең,  
Арманымды аялап па ем сорыма?  
Жетпей қалдым, Айды алам деп қарғып ем,  
Қайта түстім көшелердің торына.

Талай-талай жақсы ақындар бар мұнда,  
(нашары да аз емес!)  
Алайда анау Абай шалдың алдында,  
Е, бәрі де мәз емес.

Жоғы жақсы аға да бар ...  
(Түкіргем),  
Іші – жылан, сырты – абыз.  
Түгі де жоқ бітірген,  
«Оу, есіл елдің есін неге жыртасыз?!» –

Деймін кейде қапалы,  
Әй, түйіні көп, иіні жоқ тірлік-ай!  
Көз алдымда ағып бара жатады  
Таза кезім бұлдырай.

Ышқырына қолы жетпей қоғам тұр  
Ақындарын сүймейтін.



Кім не істейді оған дүр,  
Надан өсті заманына күйлейтін.

Енді елге қайту өлім маған да,  
Барар бағыт белгісіз.  
Жан тапталды жапырақтай табанда,  
Неғылдейсіз енді сіз!



## ҚАРА ТАҢБАЛЫ ХАТ

Қара таңбалы хат алдым,  
Лайық кісі табылмай жаңа қабірге, аға,  
Қараңғы жерде жатармын,  
Құдайдың салып суретін қара қабырғаға.

Құсжолының да айласын  
Сезініп қойғанмын,  
жазық жолағындағы  
Қара қоңыздар тойласын.  
Азар болса, уақытқа азық боламын-дағы.

Өмірді сүйіп ... өлгенмін!  
Өліп жатқан тек мен бе?  
Ұрдым ба екенмін!  
Басқа бір жақтан келгенмін,  
Басқа бір жаққа... құрдымға кетемін.

Көгіңнің қалмас күлі де,  
Қапыда Күннің қып-қызыл қанаса алмасы,  
Жалғаншылардың бірі де  
Ақиқат менің орныма таласа алмасы!  
Қара таңбалы хат,  
Қара таңбалы хат алса!!!

## МАХАББАТ

Қадірі білмеске арзандай,  
Мен оны жеткізіп айта алман.  
Теңізде жоғалған маржандай,  
Құйындай кездер-ай, шайқалған...

Қаншама қыздарды ұнаттым,  
Жылаттым... білмеймін себебін.  
Осынау есалаң сұрақтың  
Жауабын сен айтшы, өлеңім.

Аққұба әдемі бала едің,  
Ақ фаргук, ақ бантик байлаған.  
Мен-дағы өзіндей пәк едім,  
Ақ түстен тұратын айналам.

Қояды жай ғана күлген боп,  
Біледі ол Абайды, Қасымды.  
Тіпті де көзіне ілген жоқ  
Алты Алаш ардақтар басымды.

Тағдырға басымды имедім,  
Мені де тәкаппар еттің сен.  
Тым болса бір рет сүймедім,  
Қолыңнан ұстатпай кеттің сен.

Қойнында сені ойлап түндердің  
«Аһ» ұра бастадым, «аһ» ұра.  
Балауса бейғамдау күндердің  
Сағаты тоқтады қапыда.

## АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ

Тағдырымның артқа бұрсам кемесін,  
Жағалаудай қол бұлғайды елесін.  
Жүрегімде шымыр етіп ең алғаш  
Сезіміме сіңіп қалған жеке есім.

Мәңгі ажырап қалсам-дағы өзіңнен,  
(Сүйем! Сүйем! Сол тап-таза сезіммен)  
Бір жылылау нұр іздеймін әлі де  
Кездескенде сенің тұнық көзіңнен.

Өн бойымда бір белгісіз тасып қан,  
Сәл көрмесем, саған қарай асыққам.  
Ал, сен болсаң қайырылмаушы ең, асылым,  
Аяғыңды әдемілеп басып паң!

Мен сен үшін батыр болғам сол кезде,  
Мен сен үшін ақын болғам сол кезде.  
Албырттықтан ақымақ боп көрініп,  
Жүргенімді сезе алмаппын сол кезде.

Өзгелермен ойнай қалсаң, қызғанып,  
Өтуші еді жүрегімді мұз қарып.  
Бар баланың мұрнын бұзғым келетін,  
Қызғаныштан туып кейде қызбалық.

Тым ертерек, тым ертерек гүлдеппін,  
(Ақыл айтар өмір мәнін біл деп кім)  
Менің сол бір ғұмырымның бөлшегі  
Қайта ашылмас гүл екенін білмеппін.

Балалықтың пәктігі бар бойымда,  
Өткен шақтың елесі бар ойымда.

Кешір мені, сен үйленіп жатқанда,  
Түсінерсің, бара алмағам тойыңа.

**Балалық пен махаббаттың арасын  
Түсіне алмай, кейде от боп жанасың.  
Баға жетпес, беу, сәбилік дүнием,  
Мені тастап, қайда кетіп барасың?!**

## ҚАРАҒАШ

Сенің шашыңдай қарағаш,  
Мектептің қасындағы қарағаш.  
Ерініңдей ып-ыстық,  
Аспандағы Ай шала мас.

Мектептің қасындағы қарағаш,  
Қара көзіндей – қара рас,  
Құшақтап тұрып жұлдыздарды жұтып ем  
Жасыңменен аралас.

Менің жасыммен шамалас,  
Құрбым едің ғой – қара қас...  
Қамығып қалған жоқ па екен,  
Қасынан өтсең сипай сал,  
Менің шашымдай...  
Қарағаш!

## АВТОПОРТРЕТ

Сүлеймендей аң мен құсқа зар айтып,  
Өз басымды өз жырыммен қарайтып,  
Опат болып оты сөнген ғаламдай,  
Жанға дәру бір сәулені таба алмай.  
Ойларымды жинай алмай шашылған,  
Мен Уақыттың өтіп барам қасынан.  
Мұң түбінен дос таппаған мұңлықтай,  
Ар түбінен жар іздеген зарлықтай,  
Қаңырадым сауап емес, обалдан,  
Тәж-Махалдай жаһұттары тоналған.  
Менің жаным сүйкімді бір ботаның  
Жүрегіне түсіп кетті, о жалған.  
Көр ішінен тәнімді ертіп келем Мен,  
Жанымды іздеп жер бетінде жоғалған.

Сәуірдегі қар астында қалған гүл,  
Ол да мендей, қауызында арман тұр.  
Армансызға орын тимес жалғаннан,  
Мен де көптің бірімін бе алданған?!  
Шөл шөбіндеі тамыр тарттым тереңдеп,  
Ажалымның арашасы – өлең деп.  
Не бүлдірдім, не тындырдым, кіммін Мен,  
Отызға кеп иек сүйеп тұрмын Мен.

Бар ма, жоқ па бұл өмірге керегім,  
Мен не дедім, сен не дейсің өлеңім?  
Достарым да, дұшпаным да байқаған  
Мен бір істің ақиқатын айта алам:  
Арасында фәни менен бакидың  
Менің ізім жол боп қалды ел танитын.  
Қыл ішегіне шыбын қонса, мұң құлап,  
Қоя берер сай-сүйегің сырқырап.



Сүтке тамған қызыл түсті сиядай,  
Менің қобыз жүрегімнің қияғы – Ай.  
Жанарларын құбылаға қадаған  
Жайнамазын төсек еткен бар адам.  
Жан аурасы шайқалмаған жарандар,  
Мен өзіме ұқсаймын ба, қараңдар!

## ҒҰМЫР

Мен – жиырмадан асқан еңіреу,  
Емексіп жүрген әрнеге.  
Кездіктің ұшын сындырып,  
Кектенсем, байлап жебеге –  
Дұшпанға көзден қадап ем!  
Ізгілігімнен адастым.  
Суғарылмаған құрыш та ем.  
Жұтатұғын да қалмады-ау  
Өмірде бүгін дұрыс дем.  
Менің жүрек – құмырама құйған зарымды,  
Бары оның осы еді-ау деп,  
Бал екен ғой деп кім ішкен?!  
Дәл мендей болып қамықпа,  
Ей, көкірегі көктем бетеге!  
Қош-қош айтып жарыққа,  
Біз – суы үзіліп аққан арық та.  
Біздегі үн сізге жете ме,  
Түспей тұрғанымызда табытқа?

## ҚАЗАНАМА

Сұм ажал адырнасынан  
кімдерді байлап атпаған,  
Қорамсақ толы сұр жебе  
кімдерге әлі сақтаған?

Жақсы адам өтсе өмірден,  
жақсының жанын езеді-ау,  
Ақ найза толғап қомдана  
орданы бұзар кезі еді-ау!

Томсарған тірлік қобызын  
толайым жүрек толғай ма,  
Біздерге олқы кең дүния  
сіздерге арман болмай ма?!

Жатсың ба жайлы, жас аруақ,  
бүлкілдеп бейбіт беткейде,  
Қырандар көзін жұмғанша,  
Құзғындар қыршын кетпей ме!

Мезгілсіз сөнген жалын көп,  
сұм ажал кімді елеген,  
Оқ тиіп ол да – отызда  
көз жұмбап па еді Төлеген?

Жиырма бір жасын арқалап  
Артығали да арманда,  
Мұқағали да аттанған  
Жырларын жалғап жалғанға.

Адвокаттарды менсінбес  
бұл ажал дейтін – ауыр заң,  
Саламат болсын иманың,  
Бақыл бол, көкем Бауыржан!

Құмалақ ашса көңілім,  
жүректі күпті ой үңгілер,  
Ішінде кеткен сыр аз ба ед,  
өзінен басқа кім білер?!

Өмірді қорғап әлі де  
ақ қанат жырлар жазбас па ең,  
Алқымнан алған ажалға  
қаламмен қабір қазбас па ең?!  
Балдағы асыл семсер жыр  
сермелмей, әттең, сынды ғой,  
Құрақтай ғұмыр ғасыл боп,  
жанарға шықтар тұнды ғой.

Ащы ғой ақын тағдыры,  
тәттісін Тәңір қимайды,  
«Адамдар сыяр табытқа  
ақындар бірақ сыймайды!»

## ҚЫЗЫЛ ӨЛЕН

Қасіретке боялған ба қызғыл түн,  
Қиыр-қиыр қыраттар да қызғылтым.  
Қоса ағарар қосағасын аңсайды,  
Қойлы ауылға қиған еді ол қыз қылқын.

Сәтінде ағам отарды үйге бұратын,  
Шай даярлап қырда ол күтіп тұратын.  
Қапелімде қазанаттың ері ауып,  
Қайғы-мұңға төрін берді мына түн.

Ықтырардай ырық бермес ланды,  
Қариялар күбірлесті Құранды.  
Ағам ғана аймалайтын ақ алқым  
Жесірліктің жасыменен шыланды.

Аза тұтты ағайындар түгел кеп,  
Аққа орап, алып кетті кілемдеп.  
Үш жылдан соң әкем жатты оң жақта,  
Қара ұлыма қамқор болып жүрем деп.

Апам сосын қара киіп қамығып,  
Қара ұлы мен шалын ойлап зарығып,  
Жоқтау айтып отырушы еді, оны да –  
Қара дауыл қағып кеттің қағынып.

Тоқтата алмай тосын келген ажалды,  
Жінішкерді, жүйкем менің қажалды.  
Кетем деп ем, кете алмадым, қимадым,  
Қия алмадым тірлік дейтін тажалды.

Маңдайымды сүйеп құлпы тасына,  
Ата-анам мен бауырымның кеп басына,  
Жазылмаған жырымды оқып тұрамын –  
Қазылмаған қабірімнің қасында.

## СҰҢҚАРДЫҢ СОРЫ

*«Бақаның бағынан  
Сұңқардың соры артық!»  
Б. Момышұлы*

Тірісінде-ақ аты аңызға айналған  
Сұңқар еді Ол  
бармағы көп шайналған,  
Көкке сіңіп ғайып болды қапыда,  
Бауын үзіп балағына байланған.  
Балақ бауы – соқырлығы қоғамның,  
Алдын кесіп, орлар қазды Оған мың...  
Батырлықтың белгісі боп ол қалды,  
Бұлар қалды мәнін ұқпай обалдың.  
Содан бері Кеңсай жаққа қарайлап,  
Бір мұндылау ән салады бар аймақ.  
Бір ұлы жыр жазуға мен тиіспін,  
Көп тоғышар жатқан кезде сарай сап.  
Бұйырмаған бір баспана басына,  
Албырыт ем ғой жаны ғашық жасынға.  
Жиі бардым (жиі қаңғып жүрген кез...)  
Кеңсайдағы Баукендердің қасына.  
Ерлік жайлы ездер жазып өленді,  
Шымырлатты-ау төбемді.  
Келген сайын, қонған сайын Кеңсайға  
Бір ауыр мұң теңселтетін денемді.  
Еске түсіп қайдағы мен жайдағы,  
Аян берсе алашымның айбары.  
Жуалының жусандары дүр етер  
Көктөбеден салют атса...  
майдағы.  
Жанши, жанши жүрегімді шыли мұң,  
Көк бөрідей көкке қарап ұлимын....  
Құлағыңа біздің дауыс жетер ме,  
Қалғып кеткен қайсар ұлы-ау  
Құлидың!  
Сирек бізде бағы ашылған парықтар,  
Бәрінде оның бір себеп бар, сұрақ бар:

«Сұңқарлығы сор болды – деп, – басына!»  
Күбірлейді Кремльдік куранттар.  
Мен күрсінем, ішімде өлген сырым көп,  
(Баукең болса «идиот» дер ме ед гүрілдеп).  
«Алтын жұлдыз» тағып жатса табытқа  
Сталиннің саусақтары дірілдеп.  
Сыймайтуғын қалып түгіл табытқа  
Орден тағу ойсыздық қой Алыпқа.  
... Кенет Баукем атып тұрып орнынан:  
– Дат! – дейтіндей азып-тозған халыққа.  
– Дат! – дейтіндей көңіл көлі лай боп:  
(Құсалы тіл тіліп түсер, былай кет!)  
– Бабам жатқан... Балам жатқан мекенді  
Талап жатқан сендерде ме –  
құдай жоқ!  
Бүтін елді бүлдіретін – бүрсіздер, –  
Тілін жұтқан тілсіздер!  
Мен сендерден қорқам жаман  
(О, нәлет..)  
Мінезі жоқ мінсіздер.  
Тірілтеді-ау, қай-қайдағы кегінді,  
Енді қалған тегінді сат, тегінді.  
Кім тазалар уға бөккен Көгімді,  
Сен өлесің...  
Кім қазады көрінді?!»  
дейтін сынды Баукең кейде түнеріп,  
(Тілін жұтқан мәңгүрттерге – тірі өлік).  
Мен отырам Кеңсай жақта,  
таң ата...  
Тамағыма алапат кек тіреліп.  
Арманына шуақ құйса іңкәр Күн,  
Уақыт көшер тұяғында тұлпардың.  
Халін ұқсаң, қобыз тартып кетесің,  
Бақытынан соры биік сұңқардың.  
Қайық сынды ескегі жоқ өзенде,  
Өз елімде өгейлікті сезем де...  
Кейле Мен де құс боп кеткім келеді,  
Бақалардың бағы жанған кезеңде.

## ҒАРИП

Терезеге қарай берем,  
қараймын.

Кеп қалар деп арайлым.  
Бақытсыздық ортамызға жол салып  
Қош айтысты бақыты мол талай күн.

Сол жолменен қарғыс атқыр  
қап-қара

Кетіп барад  
аппақ қыз бен ақ бала.

Үмітімнің бұрқыратып тозаңын  
Құстар ұшты жүрегімнен топтала.

Сендер жүрер жол ма еді бұл,  
жарқыным,  
Мен кешетін мұң ба еді бұл, Алтыным!  
Күзгі алаудай бауырымды жылытқан  
Қайда сенің көзіңдегі жарқылың?

Сәтсіз күні үйден шығып кешқұрым,  
Алдарыңнан тосты қайғы,  
тосты мұң.  
Кісінеген үндеріңнен оянам,  
Жетпей жатып жетім қалған  
қос құлын.

Қарай берем есік жаққа алаңдап,  
Есік қақса жүгіремін далаңдап...  
Нұр сәулесі өмірімнің кері ағып  
Уақыт тоқтап қалған сынды табандап.

Кім өбеді маңдайымнан мені өпкен,  
Жоқ әлде сен о бастан-ақ бөлек пе ең?!  
Теңіздегі ақжелкендей жақындап,  
Келе жатып жоқ боп кеткен кенеттен.



Нашақордай тамырына дәрі екен  
Бұ басымнан не өтпеген,  
  бәрі өткен.

Жүрегіңнің алдына кеп егілдім  
Қайыршыдай садақадан дәметкен.

А, Дарига,  
  Сүйдім сені...  
  Налыттым.

Неге сүйдім?  
  Неге сүйдің?  
  Қамықтым.

Зарықтырам десең, міне, зарықтым,  
Ғаріп қылам десең, міне – Ғаріппін...

## ЖЫРАУ

Қара Жер шыр айналған қазығы жоқ,  
Адамның қайғысы мол

— жазығы жоқ.

Бөкендей құба белден ғайып болған,  
Ән аңсап диуанадай қажыдым көп.

Ән іздеп Алтай,  
Арка,

Атыраудан

Бір шемен өзегімде жатып алған.  
Жалбыздай жанымдағы тасты ерітті  
Кісінеп шыққан үнің сахнадан.

Әріден,  
Әлмисақтан жалғап ойды  
(Ұл туған анасынан..!)

Арманы – ойлы.

Кімі бар бұл қазақтың сенен басқа,  
Қарғам-ай,  
Қазтуғандай қарға бойлы.

Құлын ең,  
Құлыншақ ең қоныраулы,  
Тарпандай топқа салды өмір дауы.  
Иықта қанатың бар көрінбейтін,  
Айбозым алтын тұяқ омыраулы.

Сөйледі қара қобыз өксіп-өксіп,  
Өткінші өмір деген, өткінші үміт.  
Байлауы бұл фәнидің ән болмаса,  
Кеудемнен көкала үйрек кетсін ұшып.

О, сонда тау менен тау соғысқандай,  
Аңырап адырнадан оқ ұшқандай.  
Теңізге мұхит құлап қапияда,  
Ғарышта Ай менен Күн тоғысқандай.

Қара Жер дөңгеленген  
қазығы жоқ,  
Кісінің әнді сүйген жазығы жоқ.  
Абайдың сырласындай кенже туған,  
Өмірдің артын көріп қажыдың көп.

...Қарғасы-ай,  
Қарға бойлы Қазағымның  
Өнердің шын түсінер азабын кім?!  
Дүния шыр айналса ханкөбелек  
Тұсынан ән салып өт базарыңның.

## КЕНТАВР

Тұлпарға мінген ұлы даланың  
Тарпаң мінезді ұлы боламын.  
Жауларым семсер сілтеген сәтте  
Қиылған талай гүлім, қарағым.

«Терендеп кеткен әжімің» деме,  
Бүгінге қарап қажыдым неге?  
Сұңқарлар анау торғайға түсіп,  
Естілмей кетті-ау қаз үні көлде.

Бір ғажап рух ғарыштан келіп,  
Дұшпанмен бабам алысқан дедік.  
Сүйемдей жерге сүйегін берген  
Арыстар туып, намыстан өліп.

Көнеден қалған жыр тегін ұқсақ,  
Ұйқыдан безем Күлтегін құсап.  
Келмейді мені мойындағысы  
Өркениеттік ділдегі ынсап.

Неғылсын сон-оу заманды надан,  
Жаулаған жарты ғаламды бабам.  
Толассыз уақыт толғату керек,  
Табанға салса адамды адам.

Болмауы тиіс мұратым мұнды,  
Толағай бір ұл туатын сынды –  
Кісі бейнелі, тарпаң жүректі,  
Кешегі... біздің ұғатын сырды.

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі  
Бабалар бүгін түсіме енбейді.  
Солардан қалған жүрек қой мынау –  
Жүрегім неге кісінемейді?

Пұшайман халім өртеді мені.  
Қылқобыз кеудем шертеді нені?  
Жал бітгі,  
                                кенет... жотама менің,  
Оқиғадағыдай ертегідегі.

Ғаламат солай басталып бір сәт,  
Құйғытып кеттім тастарды турап.  
Атылдым көкке жай сияқтанып,  
Тұяғым алтын – Ай сияқтанып...

Алапам тасып,  
                                ақырып,  
  төніп,  
Аруағымды шақырып келіп:  
Шығысқа қарай адырна тарттым,  
Жар болса Тәңір, ақырын беріп!

## ҚҰЙЫН

Өзім барам!  
Сол жаққа қарай-қарай көзім талған.  
Кез еді Ер Төстіктей көзім талған –  
Құсадан Жер бетілік мезі болған.

Барамын, табамын да жақынымды  
Алыста жақындарым заты мұнды.  
Жалғанның жұмағына кісенделген  
Босатам, дүр-дүр ұшсын, пақырымды.

Ұя сап имансыздық иығына,  
Тірелген тіршіліктің тұйығына.  
Шырылдап шыбын жаным сіңіп кетсін  
Құдайдың көк тіреген құйынына.

Арда еміп, адал туып өскенменен,  
Ауылы адалдықтың көшкен менен –  
Құнына бір ләззаттың басын тігіп,  
Отынан мың тозақтың сескенбеген.

Қарауға айналама айнаң бар ма,  
Боздаған бота көңіл қайран ғана.  
Өлім хақ адамға да, сайтанға да,  
Өмір тар – ақындар мен пайғамбарға.

Келмейді ешкім енді,  
Барамыз біз!  
Салыңқы тартты неге қабағыңыз?!  
...кешқұрым көбелектер отқа үйір,  
Шам жағыңыз!

## ЖЕСІР

Көтеріп нәзік жүрек ба-а-р құсаны,  
Зар қылып,  
Зарықтырып жар құшағы.  
Мысалы, сыңары өлген ақсұңқардай,  
Қасынан қалбалақтап қарға ұшады.

Арды ойлап,  
Бір жағынан нәпсі қысып,  
О, бейбақ,  
төсегінде жатты ысынып...  
Жібермей ер аруағы, иба-иманы  
Ләззат ап тояттауға жатты құшып.

Қайындай жел өтінде жалғыз қалған,  
Жалқы өмір – бір тұңғиық,  
Жалғыз арман!..  
Қайтейін сені даттап, ей, жалғыздық,  
Санасы бардың бәрі жалғыздардан...

Жаратқан жұп-жұбымен жаратқасын,  
Жұбыңнан басқаға күн қаратпасын.  
Талақ қып тастағаны аздай  
Тағдыр –  
Тобырдың мазағына талатқасын...

Өз жанын қорлық буып,  
күйеленіп,  
Тағдырын өз қайта иеленіп,  
Қырғидай қиып түсер бір еркектің  
Астында қалды сосын ... сүйегі еріп.

## ҚЫЗҒЫШ

*«Отаным, саған айтамын!»*

*Мұқағали*

Өлсем – сенің босағанда өлемін,  
Ақындарын ардақтаған өр елім.  
Иесі бар иттер талап жатса да,  
Киесіне шағынбаған бөрі едім.

Тозаң басқан тарихымды тозбасқа –  
Ниет қылып күнде шалам бозқасқа.  
Ұл қыламын десең – сенің құлыңмын,  
Құл қыламын десең егер... сөз басқа!

Қапсадағы қақпан боп,  
Жауымды да бірінші боп атқам жоқ.  
Әлдеқандай күн туғанда басыма  
Әлдекімдей Отанымды сатқам жоқ.

Ханның кенже баласындай ұл едім,  
Ауырады жүрегім.  
Бас қалада баспанасыз Қасымдай,  
Қаңғып жүріп тілеуінді тіледім.

Мұң жоқ менің мұңымдай,  
Шыбын жаным шырылдайды шыбындай.  
Саған қарап оқырана беремін  
Қасқа айғырдан төбел туған құлындай.



## НАТЮРМОРТ

Қалам қалған үстелінің үстінде,  
Қағаз қалған үстелінің үстінде.  
Шырақ әне, жағылмаған қалпында,  
Құран міне, Құран – Құран қалпында!  
Енді қайта батпастай боп күн тұрды,  
Батса қайта атпастай боп... бір түрлі.  
Және бір тал сары гүл бар әдемі,  
Гүл туралы айту жөн еді әуелі.  
Кінәсі не қағаз бенен қаламның –  
Түйіршігі тозаңданса ғаламның.  
...айтпақшы, гүл құсқа айналған заматта,  
Құран болса сүйеулі тұр сағатқа.

## МҰХАММЕДТІ РАСТАУ

А. дараға,

Бағар Күнге бағатын,

Ант етейін ағар тағна ағатын.

Күшті Әлемді тізерпетер алдыңа —

Мына Менмін, айналмайын, Отаным!

Қалер төксе қызақ дейтін ұлысқа,

Қаламынды айырбастан қылысқа,

Сенің қаның менің қаным болған соң,

Ең бірінші мен кірермін ұрысқа.

Мен туғанмын —

Ер Мұхаммед өшген күн.

Мен болмасам,

жүретінді еміңер кім?!!

Хақ Мұхаммед айып келген келеті:

Келеті деп....

Келген азын,

сол — Менмін!

## КАРАБУРА. ТҮС

*...Ол Жазушылар одағының фойесінде  
құбылага қарап жылап жатыр.*

Қалдыбектей жындылау,  
Сәндібектеу мұңдылау.  
Не айтпак боп жатырсын  
Тағдырыма, құрғыр-ау?...

Сен жоғалып кеткелі,  
Басымнан не өтпеді?!  
Жыламсырап жаз қалды,  
Домбырамның шектері...

Қобыз алдым қолыма,  
Бал аштырып жолыңа.  
Қызыл көйлек киінген  
Бір қыз түсің соңыма.

Қорқытқа ұқсас пішінде,  
Шындық әліп ішінде.  
Қашып жүрмін өлімнен  
Өнімде һәм түсімде.

Күн де маған уайым,  
Түн де маған уайым.  
Өзім қорқам Өзімнен,  
Не істейін, не қылайын?!

Сен жоғалып кеткелі,  
Басымнан не өтпеді?!  
Қабырғалы әулеттің  
Қысқа айналды көктемі.

Күн де маған уайым,  
Түн де маған уайым.  
(Бір херіссі херіме!)  
Уайымды ұстап ал,  
Аузымнан ұрайың

## ЖАЗА

Алладан деп не болса да алдымен,  
Азапқа сап сансыраттым жанды мен.  
Құс қайтқанда қиқулайды жүрегім  
Уысында тағдырымның қан-күрең.

Құлақ тұнып керней менен дабылдан,  
Бүкіл патша аударылып тағынан.  
Ақын біткен Абылды іздеп өксиді  
Жаратылған қара жүрек Қабылдан.

Не дейді бұл ессіз көңіл...

жел түрген –

Өзім қашып өзім жаққан өртімнен.  
Қу жанымды қоярға жер таптырмас,  
Қабылға ұқсап Абыл бауырын өлтірген.

Құлақ тұнар керней менен дабылдан...  
(Сол бір сәтті жалғыз сіз бе сағынған!)  
Шын патшаға мың патшаның атымен  
Абыл жауап алатын күн Қабылдан.

## ӘЙЕЛ

Кірпігіме күллі ғалам ілулі...  
Сен үйреттің көкке қарап ұлуды.  
Үйретпедің қалай, қайтып күлуді,  
Мен ұмыттым жылауды әм жылуды.

Тәнім үшін таласқандар, жан үшін  
Тартыспады. Тірі азапкер намысым.  
Бекер мені тыңдадың-ау  
(шашы ұзын, ақылы кем...),  
Адам-Ата – арысым!

Жердің шарын доп еткендер тепкілеп,  
Қос алмама қол созғанда ептірек.  
Бар әйелді көкке әкетсе Жаратқан,  
Ал, қайтесің, «Зауал сәті жетті» деп.

Қабырғаңа қарайсың ба, олардың  
Зауалына арашашы болар кім?  
Сауабында сен жатқанда ләззаттың,  
Отын жағып мен отырам обалдың.

Белдемшемді белімдегі шешем мен,  
Нақақ күйіп, нақақ жаным неше өлген.  
Кеудендегі мың айлалы ібіліс  
Бақыт тапса нәпсі дейтін кеселден.

Ей, ғаламның, Ей, Адамның жесірі,  
Перзентіңнің есімі кім, есімі?  
Есі бүтін еркектерге сор болды  
Мен жасаған бір күнәнің кесірі.

## ШЕШІМ

Жұлдыз ақты.  
Жұлдыз ақпай тұра ма?!  
Тағы бір жан нүкте қойып күнәға...  
Аманатын сұрап келсе,  
Артына  
Тастап кеткен ешкім жоқ қой мұраға.

(Өзімді айтам!) тыныш мекен таппағыр,  
Иманымен ойнап отыр қақпақыл.  
Ағып түскен жұлдыздарға қызығып,  
Ақшам кіріп, намаз оқыр шақта бұл.

Ажал келсе Алла берген жүлдедей,  
Есіл өмір есігі ашық түрмедей.  
Өлім жайлы ойлай берем неге осы,  
Молаға әкеп көмбей кеткен мүрдедей?!

Жалғыз шырақ күлімдейді Күнмін деп,  
Аққан жұлдыз күбірлейді.  
Білгім кеп –  
Бүкіл ғалам сыйып кеткен кітаптан  
Қашып шығып алдыңызға тұрмын кеп.

Көкке қарап,  
Жерге қарап...  
О, бәрін –  
Сезіп қояр жүрегіме – обалым.  
Бір тілегін сіз де бір күн тындарсыз  
Жұлдыз ақса қуанатын баланың.

## ҚҰДІРЕТ

*Құдірет деген сыңар қанатты құс болады екен.  
Ол өмір бойы өзінің сыңарын іздеумен өтеді.  
Егер ол өзінің серігін тапса, екі дене кірігін, екі  
қанат бірігін, бақытты жандар сияқты ұшып  
кетеді екен.*

Сен де кештің сол мұңды, мен де кештім,  
Сені қайдам, мен енді емделмеспін.  
Аппақ нұрдан жаралған қанатымды  
Көрссе-дағы, қайтейін, сенбеді ешкім.

Сыры кейін ашылар, кете бере –  
Айдай ару ажалдың жетегінде.  
Жабысқан дерт бұл өзі ғайыптан кеп  
Бозбалалық дәуреннен өте бере.

Орнады да басыма ғаріпшілік,  
Тамырымда у ақты талықсытып.  
Ақ мақтадай аршыған қауызынан  
Жалғыз қанат жанымды жарып шығып.

Жалғыз қанат ол неге, жалғыз қанат?!  
Жалғызымды жау түгіл, жар қызғанад...  
Сыңар таппай сыңсиды жазған байғұс,  
Қара түнге қауырсын малғызып ап.

Мен-дағы бір жер басып жүрген елес,  
(Берем десе, Тәңірім кімге бермес)  
Сапарласын таба алмай сағы сынған,  
Дүнияда, дүние-ау, бір мен емес.

Жастығымды алған соң арзандатып,  
Неме керек, дариға-ау, қалған бақыт.  
Неге маған келмейді Ол кеште болса,  
Қанатының астына маржан тағып.

## АҚИЫҚ

Қапияда күнің батса арайлы  
Талап жейді,  
Талап жейді – талайды!  
Бір ақиық Алатаудың басынан  
Адамдарға аянышпен қарайды.

Әділеттің төрешісі ар болар,  
Арың таза, сені көрсе зар қағар –  
Қолыңа су құя алмайтын кешегі  
Билік айтты күйкентай мен қарғалар.

Ер еңбегін қиянатпен сыздырып,  
Өлді қанша қанат жаймай ізгілік.  
Көресіні сенен көріп біттік қой,  
Ей, екіжүзділік!!!

Жем қылады ит пен битке, бүргеге,  
Бағың тайса жел сумандап іргеле.  
Торға тығар торғай емес еді ғой,  
Құс төресін қаматтырып түрмеге...

Мынау қоғам сан алжасты, алжасты  
Бұл алжасу соңғы да емес, алғашқы...  
Ақиығы айнала ұшып жүретін  
Алатауды тағы да әне қар басты.

Сая болып құзғынға да шын-құздар,  
Ей, шын-құздар, көңілімді бұздыңдар.  
Құс төресі – төре болып қалады,  
Қанша жерден таласа да құзғындар.



## АЛМАТЫ

Сені Ару деп алдайды жұрт,  
Алдайды.  
Етегіңе қол жүгіртіп...  
Ар жайлы  
сөз қозғайды мына қоғам –  
оңбаған.

Бататыны – сол маған!

Ару болсаң, неге сені сүймейді?  
Сүймейді олар.  
Жүрегі жоқ!  
И, мейлі.  
Біреулер жүр сатқысы кеп сені де,  
Атқысы кеп,  
Қолдан келсе, мені де.

Ұрлап кеткен сенің нәзік назыңды,  
Астана деп аталатын Тәжіңді.  
Сені сатса – айналасың ақшаға,  
Мені атса – жол ашылар басқаға!

Соны ойласам, от өзегім өртенді,  
Жапқым келіп жыртық-жыртық көрпемді.  
Көше бойлап ұлдарың тұр құл болған,  
Көше бойлап қыздарың тұр күң болған.

Биік-биік аласарып армандар,  
Биік-биік үй тұрғызып алғандар –  
Сенің ашық кіндігіңе қадалып,  
Үмітіме түкіреді Далалық.

Босағаннан кім кірмеді талтандап,  
Жат құшақта күнің өтті жаутандап.  
Ақындардың жесіріндей Алматы-ай,  
Ақындардың жесіріндей Алматы!

## МАХАМБЕТТИҢ МҮСІНІ

Достарым менің кіл мықты,  
Әр сөзі – бір-бір өнеге.  
Сатқындық дейтін сұмдықты  
Сүймейді олар және де.

Ақынбыз өңкей, батырмыз,  
Қидасын жілік атандай.  
Біріміз мыңға татырмыз  
Өтемісұлы Махаңдай.

Жеткізер бізбіз (ол да анық!)  
Адасқандарды арманға.  
Бұқара жайлы толғанып  
Сырахана мен Барларда.

Көбейіп кенет жалқы боп,  
Ере алмай заман көшіне.  
Сүйеніп, сенер халқы жоқ  
Махамбет түсіп есіме.

Теңселіп үйге қайтамын  
Батыр боп, кейде ақын боп.  
Жалғыздық әнін айтамын,  
Жалғыз болмасқа хақым жоқ.

Құлаймын келіп төсекке,  
Түс көрем, пәс боп аспаным.  
Мені де қосып өсекке,  
Жүреді сатып достарым.

Достарым менің кіл мықты,  
Әр ісі – бір-бір өнеге.  
Сатқындық дейтін сұмдықты  
Қолдайды олар, о, неге!

Көңілдің солай хошы жоқ,  
Ере алмай тағдыр көшіне.  
Оянам қайта досы жоқ  
Махамбет түсіп есіме.

Ойланам сонсоң, шындықты  
Көрсету керек шын ақын.  
Сатқындық дейтін сұмдықты  
Мансұқтап мәңгі тұратын.

Шошынар көріп көп пенде,  
Мәрмәрдан қашап үлгісін,  
Ой салар өткен-кеткенге  
Жасасам, шіркін, бір мүсін.

Махамбет тұрса басы жоқ,  
Алға аттай бере тоқтаған,  
Дұшпаны менен қасы көп,  
Досы жоқ жалған мақтаған.

Ауыр бұл көрініс, расында,  
Адамзат атын ұсақтап,  
Ықылас тұрса қасында  
Кесілген басты құшақтап.

Жонымнан пышақ ұрғандай,  
Ғарыштан келген дабылдай.  
Жолыма тұзақ құрғандай,  
Қабылдан өлген Абылдай.

Құлаймын қайта шалқамнан,  
Түс көрем... шайдай аспаным.  
Құшақтап, мәз боп арқамнан  
Жатады қағып достарым.

Достарым менің кіл мықты,  
Әр сөзі – бір-бір өнеге.  
Сатқындық дейтін сұмдықты  
Кешпейді олар және де.

Қамығар кейін (ол да анық!)  
Оңаша бәрі қалғанда.  
Ұлы ақын жайлы толғаның,  
Сыраhana мен Барларда.

## ЗООЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Аядай ғана айналып болмас жасымда:  
Түлкіні көргем мәз болып күлген миықтан,  
Қаншықты көргем қорқауларменен ұйыққан,  
Қартайған шақта қиядан құлап өлетін  
Қыранды көріп, көзінен сұмдық күй ұққам.  
Бұлбұлды көргем көкектер үшін ұялған,  
Есекті көргем тұлпардан озып сый алған.  
Мегежін көргем ақылды туған бірегей,  
Қарызға сұрап тауықтан титтей ми алған.  
Борсықты көргем қарны мен мойны бір біткен,  
Қанденді көргем пілдерді үріп үркіткен.  
Күлейін десем, көзімнен қаным тамады-ау,  
Қарғалар әлі ойнап жүр көкте бүркітпен.  
Безіндім мен де мына бір қара қоғамнан,  
Әділет іздеп жүріпшіін бекер заманнан.  
Маймылдар сынды айнаға сәлем беретін,  
Наданды көргем аумайтын сырты адамнан.  
Кәпірді көргем қой мінез елді құл тұтқан,  
Пендені көргем құдайдан өзін зор тұтқан.  
Заманды көргем аждаһа сынды у бүркіп,  
Қасқырдай бейне күнәсіз қанды қылғытқан.  
Сен-дағы, ол да, бәрін де мұны білесің,  
(Жылайтын іске несіне, достым, күлесің!)  
Бір тамшы қаным түбінде қатты жүректің,  
Қоғамнан көріп кесапат үкім үлесін.  
Мендей-ақ сүйсін, қоғамын сүйсе кім егер,  
Қоғамың азса, айтпай-ақ бәрін біле бер.  
Құдайдың, әтген, қуаты жоқ қой қолымда,  
Пенденің бәрін пайғамбар етіп жіберер.

## У ҚАЙТАРУ

Құдай – Көкте,  
Мен – Жердемін,  
Жердегі –  
Қаламымда тағдырымның кермегі.  
Мандайыма тұрып қалған ағып кеп  
Ғасырлардың айғыз-айғыз өрнегі.  
Кермегімде кешегімнің зәрі бар,  
Өрнегімде өмірімнің зары бар.  
Боздар болса, мен боздайын ботадай,  
Жүрегімде аруана елдің қаны бар.  
Сол қайғыны жою үшін ғасырлық –  
Арманымды алмау үшін ғасыл қып.  
О, Кер Далам, сөйлесін деп биіктен,  
Батыр тудың күркіреген күйіктен.  
Ақын тудың ұлан-ғайыр Тұранға  
Бөрінің де көкірегін иіткен.  
Олар сенің таптатқан жоқ гүліңді,  
Бүлдірткен жоқ тіліңді.  
Содан бері жазылып сан Ғазалдар,  
Қирамады дейсің не дүр мазарлар!  
О, Туған ел, мен сен үшін шаттанып  
Һәм күйредім саған төнген ажалға әр.  
«Басыбайлы бөтен тұтып баламды,  
Сыйлаудан да қалып мүлдем анамды,  
Игере алмай иірімге кетем бе, –  
деп ойлаушы ем, – жат билеген санамды».  
Дінім, ділім, ғұрыптарым – күш, қаным,  
Қайта айналып қонса, рас ұшқаным.  
Босағамда сүйек мүжіп төбеті,  
Неге озады-ей төріме әлі дұшпаным!?  
Бірлігімді тапсам-дағы жоғалған,  
Қайдан табам тарихымды тоналған?!  
Тар жатырын жарып шыққан құлдыңтын

Сәби-елге сәулеңді құй, о, жалған.  
Кәрін қайта төкпесін деп жат әмір,  
Уа, бабалар, балаларыңа бата қыл.  
Үмбеттерің үмітіне ер салды ...  
Қолың бос па, демеп жібер, о, Тәңір.  
Тамырынан таратылып текті сөз,  
Ал, арманшыл асыл халқым, көкті кез.  
Көк байрақты қыран текті қазаққа,  
Күн астында қанат жаяр жетті кез...

## ЫМЫРТ

Түн мекені түнекке  
Серік таппай бойлаған.  
Біздің ғазиз жүрекке  
Жұлдыз шашып ойнаған.

Кексе дүние тұр үнсіз  
Көкке сүйреп көңілді.  
Қалатындай ғұмырсыз  
Санам санға бөлінді.

Құстың тынып шырылы,  
Жаным аңсап, егіліп.  
Қайындардың бұрымы  
Жүрегіме төгіліп.

Біз ұқпаған жалғанның  
Сіз табарсыз шешімін.  
Қағып, күтіп қалған кім  
Ескі өмірдің есігін?!



## ҚАҒАЗ

*«Бітіпті деймін түсімде қос қанат маған...»*

*Ұлықбек Есдәулет*

Ешқашан, еш жерде болмаған  
Секілді алғашқы һәм соңғы адам.  
Қазақта екі-үш-ақ ақын бар  
Қанаты талса да, қонбаған.

Солардың сазынан естідім  
Ең тұңғыш ақынның есті үнін.  
Қағаздар ұшқанда қонбастан  
Аққанат құстардай кешқұрым.

Тылсым бір сырды жасырған,  
Ақынның жырлары басылған  
Қағаздар ұшып жүр әуеде  
Құдайдың қойнынан шашылған.

Қанатым қарайып кетер деп,  
(Аспанды жүрсе де мекендеп),  
Қағаздар қонады,  
Қауырсын ұстаса –  
Ұлықбек көкем кеп!

Тылсым бір сырды жасырған.  
Құдайдың сөзі бар басылған.  
Қағаздар ұшып жүр әуеде  
Ақынның қойнынан шашылған.

...Тірі әлі, жүр әлі – өлмеген,  
Құстардың әуені тербеген,  
Қазақта екі-үш ақ ақын бар  
Қанатын көрсе де ел көрмеген.

Заманға серт!  
(Зерде жүгірт қиянға).  
Адамизат негізінен зиянда.  
Иманды боп, ізгі ісімен шындықты  
Дәріптесе – қашықтатар сұмдықты.  
Үгітесе үмбеттерің сабырды,  
Зиян нәрсе көрден табар дамылды.

\* \* \*

Алланың жәрдемі және  
«жеңіс» келгенде,  
Ақ жолға түсіп адамдар  
періште кеуде –  
Топ-тобымен қабылдап Алланың дінін,  
Жүректен шайып, тазалар  
жалғанның кірін.  
Раббыңды сонда құрметтеп,  
дәріптеп, мақтап,  
Жарылқау тіле, тілегің уәжіптен болмақ.  
Алланың жағы – жаныңның ауыл-мекені,  
Сүйеді Алла, тәубенді қабыл етеді...

\* \* \*

Алла – дара, дархан, мұңсыз, серіксіз,  
Әр нәрсе оған мұқтаж болар еріксіз.  
Ол тумады,  
туылмады....  
Бар адам –  
Ешбір жанды теңесе алмас әрі оған.

## ҚОЛБҰЛҒАР

Көзбе-көз кеп айта алмайтын мұңыңды  
Қағаз екеш қағаз-дағы ұғынды.  
Сен бұрылсаң маған бір сәт мін артпай,  
Ада қылам бар қатемді бұрынғы.

Ғұмырыңда құлау үшін өртеніп,  
Құдай дұрыс ғұмыр берген келте ғып.  
Оянатын ұят тапқан жайым бар,  
Сені ойласам, түн ұйқымнан селт етіп!

Біз құс болдық балағында бауы бар,  
Құрметі жоқ (қара ағашқа таңылар...)  
Сенде жүрек бар еді ғой ... мендегі  
Сондай жүрек ауырар...

Амал таппай кетіп еді Анам да,  
Ал Анама теңдес жан – сен Ғаламда.  
... Балақ бауын үзіп кеткен ақ сұңқар  
Қайырылмаса, қара жерде қалам да.

Нан ұстадым, қолыма алдым Құранды,  
Жанарымнан жауһар нұрлар суалды.  
Қайтқан құсқа қол бұлғаған баладай,  
Уһ, қайтейін, жаным сыздап тұрар-ды!

## МЕНИҢ БӨЛТІРІКТЕРІМ

Ауылдан ауылға,  
Шаһардан шәріге тараған  
Менің бөлтіріктерім – шетінен абадан.  
Бәрі де жаралы!  
Жарасын жасырып жалаған.  
(Қаншық қоғам талаған!)

Соңымнан ергендер,  
Көргендер куә әлі.  
Ақ боран ап қашып дұғамды.  
Сере қар, көк мұзға қаныммен жазғанмын  
Мемлекетімнің «махаббаты» туралы.

Менің бөлтіріктерім  
(Бүгін...) көзі қангалап,  
Сыртымнан айбат шегеді анталап.  
Мұрагерлеріндей патшаның тәжінен үміткер,  
Әй, жігіттер!

Қашаған ел едік тарихын тасқа көп,  
Жыр тәжі – Мономах тәжінен басқарек.  
Көтеріп тұруға ал оны  
Асаулау жүрек пен ақымақ бас керек!!!

## САУҒА

Қара шашың шашылса,  
Менің қара мұңымдай.  
Ерінің сәл ашылса,  
Шым батырар шырындай.

Тойға тоймай көз қалған,  
Рахат сыйлап реңің.  
Тоқтап барып қозғалған  
Жүрекке ұқсас жүрегім.

Жұлдыз ағып барады  
Жанарында жарқылдап.  
Жаным көшіп барады  
Қобыз тартып қаңқылдап.

Сағым кезіп санасын,  
Сарғайып жүр демейсің.  
«...Қарғам!» – деуші ед анашым,  
Қарғадай қыз, не дейсің?!

## «ЖАС АЛАШ»

Текті ұл деп әлде, тексіз деп,  
Сұрамай менің затымды.  
Жырымды тұңғыш бастырып,  
Алашқа жайған атымды.  
(Бұрқ еткен ыстық жасымдай,  
Жасындай – жырым алғашқы  
Алғашқы махаббатымдай,  
Тебіренге ешкім алмас-ты!)

Ол кезде сезім мол еді,  
Шарапқа бөгіп санасыз,  
Дәлізінде де қондым сан,  
Қаңғырып, қажып санасыз.  
Басатын тау мен тас қалмай,  
Сансырап, шаршап келгенде,  
«Басымды жазды» жігіттер,  
Жанымды ұғып шерменде.

Тісімді қағып милиция,  
Жыртылып жағам қан-қан боп,  
Жүргенде саған сүйендім  
Тағдырым быт-шыт талқан боп.  
Бұлдыр да бұлдыр ол күннен  
Бұл күнде, рас, жалыққам,  
Тағы да сонда сен тұрдың  
Сүйінші сұрап халықтан.

Тағдырмен ойнап болдым мен,  
Жалғанда кім бар бойлаған.  
Қазама көңіл білдіріп,  
Тойымды бірге тойлаған.  
Алматыдағы санаулы  
Қара шаңырақтың бірі едің.  
Еңкеймес мынау еңсеммен  
Еркелеп еніп жүретін.

## МҰҚАҒАЛИ

Аза тұтқан аққудай,  
Жалғыз басың қаңғырып.  
Жалғыз өзің жүрсің бе  
Мәңгілікте мәңгіріп.  
Алп-алп басып, алп басып,  
Қара нардай шудалы.  
Тәбетіңе у құйған  
Тәркі дүние думаны.

Аяқталған Жердегі  
Пайғамбарлық болмысы.  
Қайтып көрмес жау табар  
Қайтып келсе сол кісі.  
Сен де пенде, мен пенде,  
Пенделігің – періште!  
Жеңіп кеттің жеңіліп  
Өмір атты керісте.

Тамұқтағы жалындай  
Тау басында лаулаған.  
Тұлғаң жырға айналып,  
Хан Тәңіріден аумаған.  
Сақалы бар, шашы бар,  
Аңыз болдың ел сенген.  
Ақын емес... абыздай  
Аса ұстамай теңселген.

Келдік, солай кетеміз  
Үрметімен Аланың.  
Барып-барып қайтады  
Қылқобызға бармағым.  
Таңбасы бар, ені жоқ  
Кеудемдегі кітабым.  
...Кессең кермек жас тамар  
Жас қайыңның бұтағын.

## АЙ

Түпсіз дүние, түбің толса, мен ертең  
Келмес жаққа жан сәулесін жөнелтем.  
Ай толғанда күрсініп қап көкірек,  
Сүрінгенде күрең түсті көлеңкем.

Мен – тірі жан, ол тірі жан – тәні гүл,  
Табысып ек, сәтсіз болды бәрібір.  
Өз басымдай көруші ем ғой мен оны  
Көз жасымдай тамып кеткен сары нұр.

Ай толғанда басым байлап бәлеге,  
Жан ауырып, жалғыз қалдым және де.  
Толған айдың толқынынан көрдім ғой –  
Менің демім өрт шарпып тұр әуеге.

Мен сезбеген ішінде бір күнә қап,  
Мазанды алса пәк махаббат кінәлап –  
Басымдағы Айға тигіз ерніңді,  
Көктегі Айға мінәжат қып, мінәжат!..

Түн ортасы...  
Түннің түріп түндігін  
Жұлдыз ақты. Анау жұлдыз кімдікі..?  
Түптің-түбі біз жолығар нүктеміз –  
Көктегі Ай мен жердегі Айдың кіндігі.



## ЖОҒАЛТУ

*«Қаратаудан көш қайтқанда  
Күтпе мені, Бегімай!»*

**Ш. Айтматов**

Орманға ұлып опа таппай,  
шынжырланған арлан.

Бөз қымтасын тәнін,  
айырылмас-ты ардан.

Кеше жұртта қалған –  
Тозған жүрек, сені іздеп  
жолға шықты, жазған!

Білмейді ғой деп пе ең,  
табылмасын жоқтың.

Қызығына бола қызуындай оттың,

Шерменде боп жаны  
жарығына көктің,

Қимасынан адасқан арасында көптін,—

Орманға ұлып опа таппай  
шынжырланған арлан.

Оты өшкен арман.

Көрін өзі қазған,

Тозған жүрек, сені іздеп  
жол тосады, жазған.

Қос әлемнен табылмайтын құсым,

Әлсін-әлі сипаттың жүрегімнің тұсын.

Сені сүйген тұлға – бүгін міскін мүсін,

Мен барман-ды,

Сен келме!!! (Құдай үшін!)

## АЛАН

Шөккенде түн төсіне етбетімнен,  
Күлкі жоқ, ұйқы қашар бет-бетімен.  
Елбіреп есіл көңіл жоқ сұрайды  
Қол жайып, дұға оқып, көктегі елден.

Бұрылып қаратпайтын артыңа бір,  
Жастық-ай, сөзің өткір, зарпың ауыр.  
Шыға сап ару түннің құшағынан,  
Бірдеңе айтпақ болам халқыма бұл.

Кім бірақ құлақ қояр кесіміме,  
Тілімді жат жауласа бесігімде.  
Ел жайлы ләм-мим демес ағалардай  
Жүргенмен Елбасының есігінде.

Түн қатып, түсім қашып отырамын,  
Тоналып тозып біткен топырағым.  
Отына мен күйермін бүгінгі таң,  
Мақшардың жауап берер сотына кім?!

Өзіме өзім қойған сұрақтардан  
Түйінді шешім таппай, жылап қалам.  
Сан рет сатып кетті олар мені,  
Кім берер жақсы ағасын бірақ маған!

Мен тұрам қимай оған қарап қана,  
Түн өксіп таңға сіңіп баратқанда –  
Оралып қазағымның ортасына  
Мың мәрте алғыс айтып Жаратқанға.

Үлкен аз алдамайтын кішілерді,  
(Кішінің жүрегін кім түсінеді?)  
Еділді етігімен кешіп тұрған  
Қазтуған кеше менің түсіме енді.

Ол жазған (Түн шымылдық түсіргенде)  
Біздегі тілсіз ымды түсінген бе?

## КҮЗ. АЛМАТЫ

*«Тек мен ғана түсінем бұл қаланы»*

*Есенғали*

Мен секілді сағына ма түсінде,  
Сезе алар ма әкімі әм тұрғыны,  
Түсінгеннің бірге кетер ішінде  
Алматының бір мұны бар, бір мұны!

Күрең шашын, алтын сары кірпігін,  
Бауырыма басып дел-сал реңін,  
Бірге жамап жүрегінің жыртығын  
Көшесінде мең-зең болып жүремін.

Алматының аспанында бір мұң бар,  
Кімдікі ол, соны білмей далмын мен.  
О дүние мен бұ дүниелік тұрғындар,  
Сенікі ме әлде Аллаһ – алды кең?!

Алматының бір мұны бар, бір мұны,  
Түсінгеннің бірге кетер ішінде.  
Сезе алар ма әкімі әм тұрғыны  
Мен секілді сағынар ма түсінде!?

Түсіндіре алмаса да өлеңім,  
Күз де оған кінәлі емес тегінде.  
Тек сол ғана біледі деп себебін,  
Раушановтан сұрауым жөн менің де!

Алматының көшесінде арман жүр,  
Күз келгенін ертең құстар сездірер.  
Сонда айтылар, ал әзірге

қалған жыр –

Соры қалың жүрегіңді ездірер.

## ТҰМАН

Қандай бақыт күн кешкен үйде тұрып,  
Қобыз қосып кеудемде күйге тұнық.  
Қоналқыға бұйырған бір лифтіден  
Шығып келе жатамын сүйретіліп.

Күздің таңы. Күн тұман. Салқындаған,  
Алмасымды тот жеді-ау жарқылдаған.  
Жебем қисық, атуға адырнам бос,  
Құзғындарды төбемде қарқылдаған.

Күздің таңы. Айналам ала тұман.  
Ала тұман тағдыр боп жаратылғам.  
Бүгін бұл үй көңілсіз, (той боп жатыр)  
Той біткенше Кеңсайға бара тұрам.

Үзілгендей үміттен күдер енді,  
Тұманытып айналам түнереді.  
Айдалада жатырмын ер жастанып,  
(Қандай ессіз атын бос жібереді?)

Аш өзегім арман жеп бұратылған,  
Ыза көшер санамда шұбатылған.  
Той біткенше қазақтың қаласында,  
Даласында мазар боп тұра тұрам.

Күндер-ай, қайтем сені келте-келте,  
Домбырам да қарлықты-ау шерте-шерте.  
Аманатын Алланың қайтарам да,  
Сейілмесе бұл тұман ертең ерте.

## ҚҰСА

Ақшамда ару болып келеді де,  
Түн мені тартып кетед тереңіне.  
Жарыққа жаныңды үзіп жалтақтатқан  
О да бір өксік өмір өреліге.

Келе алмас тірілермен келісімге,  
Туған ұл мен шығармын көр ішінде.  
Шарқ ұрып жетім жүрек аласұрар,  
Бурадай өрт құлаған өрісіне.

Арына ақтық байлап, шыбық қадап,  
Жалғанның жанарына суық қарап.  
Ізіне ібілістің құл боп кеткен  
Мен сүйген көркем күндер күліп барад...

Нұрға ынтық көңілімнің тұсауы мың,  
(Жол таппай жаратқанға құсалымын)  
Өзінің өзегіне балта шапқан,  
Мен-дағы көп бейбақтың мысалымын.

Мінген соң ғапыл дүние кемесіне,  
Иеңнің икеміне көнесің де.  
Сайтандар қоршауында қалған ұлмен,  
Я, Раббым, сіз қалайсыз кеңесуге!  
Я, Раббым, сіз қалайсыз кеңесуге???

## ТӘУБЕ

Жер бетінен бір жойылса табылмас,  
Діні, ділі өзіңменен тамырлас.  
Әспеттеген әміріңді әлінше  
Түркі тілді тұлпар тектес қарындас.

Саған теңеп болымсызды ғапылмын,  
(Сөйтері бар жыны буса ақынның)  
Сен тудырған ғаламатқа пәруана  
Жатырында жарты күндік пақырың.

Мені көкке ынтқытырса сендегі от,  
Дүниеден безушілік менде жоқ.  
Ақын болу пешенеге түспесе,  
Күн кешу де бақыт шығар пенде боп!

## АҚАН

– Серігі ед бейшараның кемді күнгі,  
Қаңғыртпас Құлагердің кегі кімді!  
– Қоскөлде ақ қанатты періште бар,  
Ол соған ғашық екен? – деді бірі.

– Жо-жо-жоқ! Жын соғыпты, сайтан қамап!  
(Болмасты бит астынан байқар қазак)  
Қаулаған ел аузында өсек өрті,  
Мәнісі – жоғарғыдай айтар болсақ.

Қоскөлдің Ақан қонған жағасына,  
Қар жауып, боран ұлып санасында.  
Тұп-тұнық кешкі көлге жан телміртер  
Қос мылқау (туа мылқау баласы да).

Бір жан жоқ сері халін түсінердей.  
(Сұңқардан сәулет тайса – күшігендей).  
Сыр тартып бара қалған бар адамға  
Моладай мелшиеді ішін бермей.

Бақ сынды – бастан басқа ауады арман,  
Тілімнен тіліменен жауап алған –  
– Марқам-ау, Марқам, – дейді күңіреніп,  
Шығар ма басқадай леп сау адамнан.

Құлагер, Қараторғай, Базаралы,  
Ұрқия-ай! Бәрі көзден тасаланды.  
Жары мен тел қозысын қатар берген  
Ақанды ұқса, ұғар тек – Асанәлі.

Тас түскен, түскен жерге ауыр қандай!  
Тағы да бір соғатын дауыл бардай.  
Серінің күйзелісі осынау сәт  
Қытайдан көшіп келген бауырлардай.

Ақанның жөні де бар тұлданатын,  
Себебін сезген кісі мұнданар тым.  
Әділет күтіп жатыр ақыретте  
Әйтеуір түбі біздер бір баратын.

– Ың, ың, – деп Ыбан отыр ат қасында,  
Балаға әке мұңы батпасын ба?!  
«...Ақынға бүгінгідей қамқор болмас  
Ол кездің кәпір еді-ау патшасы да».



## СОТ

Аң – аң, Құс – құс. Адамды – адам дегенге,  
Сенейін бе!? (Мен – төменде, ол – төбемде!)  
Күнің үшін қараны аппақ дегізіп,  
Қорлық болар зорлық жасау өлеңге.

Адам, мүмкін, маймыл шығар шынымен,  
Сәл ес құйып, тазартылған түгінен.  
(дұрыс түсін бұрыс айтып отырсам,  
Саған жаным бұрғаннан соң мұны мен.)

Адам, рас, аң шығар деп дамыған,  
Дарвиншелеп көкімек ем, ағынан  
жарылғанға жаны қастау қоғамда  
Айырылып қаламын-ау «тағымнан».

Адам мүмкін құс болуы... қанатын  
қағып қалып сүйгеніне баратын.  
Неге менің жас келеді көзіме,  
Сұңқар көрсем самғап бара жататын.

Адам мүмкін (күбірлейді жалған үн,  
Бітпей қалған мүсіні деп Алланың)...  
Жадымдағы бұлыңғырлау кодымда  
Бейнесі тұр орақ пенен балғаның.

Сыбырлаған сақаудаймын керенге,  
Сендіре алмай... (Сізге және өлеңге)  
Иланбастан кетер ме екем өзім де:  
Адамды адам дегенге?!

Сәт туғанда сынайтын,  
Сүйегіме қайта жан сап құрайтын.  
Қияметтің күліп тұрып төрінде  
Бір сұрақ бар, Алла, Сізден сұрайтын.

Алла сонда сөйлейді!!!

## СЕНТИМЕНТАЛЬДІ ҚҰБЫЛЫС

Қара түн құлайды бауырына ап даланы,  
Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр.  
Аққан қан сияқты.

Жұлдыздар қаралы,  
ғаламның бетінде жаралы

Жұмыр Жер адасып барады.

Күрең нұр көкжиек көзінде сырғанап  
Өшеді.

Өлген – ол үміті Алланың,

Азалы сияқты.

Сайтандар тұр қарап,

ібіліс төсіне гүл қадап,

Пенделер иманын ұрлап ап!

Бұл сәтті суреттеу – қан жұтып айтатын қасірет,

Мен – түссіз ферзімін ақ, қара шаршыда

Сенделген көлеңке сияқты,

Ой ұстар басы жоқ.

Ақ нөсер құюда Иемнің жасы боп.

Атпайды таң енді,

шықпайды Күн көкке,

Ырғағы бұзылған әуендей.

Іші өрт сияқты.

Абылдар кірмеген дүрмекке,

Қабылдар ие еді құрметке,

Мақшардың таңы ертең!

Дірдекте, ал дірдекте.

Менің де,

Сенің де сөздерің күмәнді,

«Адамзат баласы зиянда, ғапыл әм...»

Ертегі сияқты.

Ертеңім тұманды, артым – от,

Кеш,

кешле күнәмді,

Алған – мен,

берген – Сен едің ғой Құранды.

Жұмыр Жер адасып барады,

Қолында Құраны.



Жақсылығы аз да, уы көп,  
таңдайға тамар суы жоқ,  
...мемлекетіміз, міне, бүгінде –  
еркін ел,  
бай ел әйгілі,  
(Иә, мен соған сеніп жүргендей)  
ұят-ау,  
тіпті қайғылы.  
Құрысын бәрі!

...Батқаны –  
Анамның үнсіз жатқаны.



## НАЗ

Қызылды көрсе, тамағы кенет бүлкілдеп,  
Қияда қыран қанатын қомдап сілкінбек.  
Жүректе тербеп сезімнің нәзік тамырын,  
Бұралып басып қызғалдақ ару  
үлпілдеп,

барады, эне! Көшеде өлең теріп мен  
Көз ала алмай келемін әсем көріктен.  
Алға озып кеткен уақытым сынды  
бұрылып,  
Қиылып сен де қарадың, қарғам, неліктен?

Аққудың ерке елесі болып ай қабак,  
Барасың қайда еркімді менің байлап ап?  
Лүпілдеп мендей тұр ма екен әлде жүрегің,  
Арман-ау, шіркін, көрсемші бір сәт аймалап.

Іліп-ақ түсер лашыны едім тау-құздың,  
Назарды қалай назыңа,  
қалқам,  
ауғыздың?

Тілімде еріп барады жалғыз балдай сөз:  
– Мерекеңізбен!!!  
(Сегізі ертең наурыздың!)

## ИГІЛІК

Ару сүйдім ерімді күйдіріп,  
Шарап іштім шараяққа құйдырып.  
Соның бәрін жүрегіме сыйдырып,  
Мен өзіңнен алып кеткем, Игілік.

Табанымды топырағың күйдіріп,  
Алпыс екі тамырымды идіріп,  
Сол баяғы алқам-салқам қалпымда  
Мен келдім ғой, айналайын, Игілік.

Анам қайда, ауызында тобасы,  
Әкем қайда... (жатыр әне моласы).  
Қоңыр мұңға қоңыр қобыз қосқандай,  
Жанарымның жаудыраған қарасы.

Ей, жанарымның жаудыраған қарасы,  
Әнеу бір жан жылап тұр ма, қарашы.  
Жесір жеңгем күліп шықса алдымнан,  
Жетім ұлдың жетілген ғой санасы.

Қалды сенде жастық деген жан әнім,  
Жан әнімнің неге жырттым парағын?!  
Алатаудай асқақ едім,  
Мен бүгін –  
Сені көріп аласарып барамын.

Жорытсақ та сонау күннің түбіне,  
Күңірене сұм фәниден түңіле.  
Бейбарыстай жусаныңа ынтығып,  
Саған жетіп жығылармыз түбінде.

Жығылармыз,  
Тағдыр заңы ол-дағы.  
Тағдыр деген жезөкшедей жолдағы.  
Пәк қалпында алып кеткен жанымды  
Ақ қалпында қайтып берсем болғаны.

## ШИРАЗ ТҮНІ

(Есениннен)

Сәулелі кеш.

Шафранның өлкесін

Раушан гүлдер бауырына ап жер төсін.

Жүгіргенде

Сен ән салшы, қымбаттым!

Наям салған жыр жанымды өртесін.

Раушан гүлдер бауырына ап жер төсін.

Шираз жүзін аймалай түс, Ай нұры,  
Жұлдыздар мәз!.. Қыз-қырқыны әйгілі.  
Бірақ маған ұнамайды дәстүрі –  
Пәранжамен жапқан шаттық, қайғыны.  
Шираз жүзін аймалай түс, Ай нұры!

Мүмкін, олар тасадағы – тәтті мұң.  
Бүркеп алып, сездірмейтін пәктігін.

Сүйсіндіре түсу үшін немесе  
Нұр қызығар денесінің ақтығын,  
Бүркеп алып, сездірмейтін пәктігін...

Шеш, қымбаттым!  
Сәні емес ол сымбаттың.  
Жүрегіңе сақта осыны... гүл тақтым!  
Онсыз да біздің Өмір тым қысқа,  
Сұлулық та – аз бөлшегі бір бақтың.  
Жүрегіңе сақта осыны, қымбаттым.

Құй сұлу бол,  
Болмай-ақ қой, құй, жаным,  
Тек кеудеңе ақыл болсын құйғаның.  
Ақ әлемнен жасыруың күнә ғой  
Әсемдіктің әлпетіне сыйғаным,  
Табиғаттың келбетіңе қиғанын.



Раушан гүлдер бауырына ап жер төсін.  
Жанға бөтен елестеп тұр өлке шын...  
Мен айтайын, һаям айта алмаған –  
Жыр тәңірің.  
Сен тындай түс, еркешім!  
Раушан гүлдер бауырына ап жер төсін.

## БИ

Ғажаптар мен азаптардан тоңды ми,  
Аулақ қалған шаттықпен достасар шақ.  
Билеп жүрмін... соңғы би,  
Өмірмен де, өзгемен қоштасар сәт.

Қашық емес екен, рас, Жерден Көк,  
Екі арада ессіздер барын ескер.  
Көз алдыма елестейді ербеңдеп  
Арқа-жарқа даурыққан жарыместер.

Білмесем де билеп жүрмін өтірік,  
Саф өнерді саралар ма мұндағы ел.  
Кекіріп не жекіріп, я көпіріп,  
Боп көрінер аңқау елге сұм-дағы ер.

Билеу керек. Данғаза өмір...  
Биле сен,  
Аяғың жоқ болса егер, қолың қайда?  
Есік ашық – мына ауланы сүймесең,  
Ана өмірге жан-арың, жолың сай ма?!

Жүрегімді шымшылайды бір әуен,  
Ақ ажалым, аққудың салғыз күйін.  
Үйретті ғой, биші емес ем туа мен,  
Өмір сенің билеткен жалғыз биің –  
Алғашқы һәм ақырғы ...

– соңғы биім...

Билеңдер!..



## ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІ

Ақ жұлдыздар тойлап,  
Ақ аспанда ойнап  
Асығады жерге,  
Жаралғандай ардан,  
Ақ көбелек арман.

Қырдан қырға зулап,  
Сәбилер жүр шулап,  
Жарысып пәк желмен.  
Пейілге нұр сеуіп,  
Шаңғыларын теуіп.

Шаттыққа сән қосып,  
Алақанын тосып,  
Шыршалар тұр әне  
Мейірім сыйлап миға,  
Көктен қонған сыйға.

Сыймайтұғын сөзге,  
Көрінбейтін көзге,  
Тек Аллаға аян,  
Ақ әлемде жарық  
Бақыт бары анық.

...Жаңа жылдың күні,  
Жаңа үміттің тіні.  
Сол бір бақыт кірсін,  
Бүгін әрбір үйге –  
Жарылмаған күйде.

## ӨЗЕК

*Жаратушы сен едің,  
Жаралушы мен едім.  
Ақылыңа ой жетпей,  
Әлі адасып келемін.*

*Автор*

Бір ібіліс, бір періште, бір Құдай  
Бір жүрекке қалай сыйған, құрғыр-ай.  
Көнбес болсам көксеуіне Алланың  
Жазылмауы керек еді жыр бұлай.

Құдайыма құлдық ұрып күні-түн,  
Жағып қоям періштемнің үмітін –  
Айырылып кетпеуі үшін арнадай,  
Өзім менен өзегімнің жігі тым.

«Пенде деген екі өмірге келмейді,  
Менің жолым – ең ізгі жол, сен» дейді.  
Есер тәнім сайтан айтса,

Естияр

Періштеме көткеншектеп көнбейді.

Періштем жүр орын таппай қонарға,  
(Адам тәні осынша нас болар ма?!)  
Өз дегенін істеткізбей қоймайтын  
Әйел сынды, Сайтанға ерсен, сор ол да!

Қарабет боп көп алдында тұрғандай,  
Тауқыметті тағдыр еді бұл қандай!  
Адамнан да, Алладан да қорыққан қор,  
Иманыңа өрмекші тор құрғандай.

Пиғылыма сайтан ісін қолдатып,  
Сан адастым, көкке көшер жолда тік.  
Ібілісті періштеме жеңдіріп,  
Қайта алсам ғой, Сол – бақыт!

Сорабынан жаңылысқан құлжадай,  
Түк айта алмай, тәмам болар жыр...(сор-ай!)  
Өнбес дауға қазылық қып ғазиз жан  
Екі оттың ортасында тұр солай!

## ДОС

Қарсы тұру қиын, рас, Құдайға,  
Дегенменен жасау керек бір айла.  
Бұ дүниені менше сүйгіш жандар-ау,  
Не істеу керек мұндайда?!

Мен кетер жақ –  
  Жерге-дағы таңсықтау  
Болғаннан соң,  
  шың-күз өксіп, қаңсып бау –  
Аспан келіп қолтығымнан демеді,  
«Уһ» деді де, жан шықты-ау.

Бұлдыр-бұлдыр, бұлдыр мұңға мінгесіп,  
Мұнар күннің маңдайынан нұр кесіп,  
Көкті қайтем?!  
  Жерден опа тапқам жоқ,  
Күтпе мені, «Мен» бармайтын бір тесік.

Кебіні тұл,  
  қан, сүйегі, тәні – нәт,  
Жасыл жерге жарықтық ем жаны жат.  
Жеті шелпек таратындар дәл бүгін,  
Менің «Менім» ортаңда жоқ – Аруақ!

Сеніскен дос, сүйген жарым –Тәңірім,  
Жыға алмадым Жаратқанның әмірін.  
Бағыт сілтер бода-бода жырларым,  
Мені аңсасаң – мекенімді, жарығым!

## АҚЫРЗАМАН. АЛМАТЫ

Жатыр еді кенеттен (дала тымық!)  
Алатаудың басынан қан атылып.  
Түйдек-түйдек шудадай бұйраланып,  
Нөпір тасқын ұмтылды қалаға тік.

Құз құлатып, тау бұзып – жағалай кеп,  
Селге жем боп қойтастар, қарағай көп,  
Жан-жағыма алақтап қарай берем,  
Ес алдырған есалаң баладай боп.

Қамын ойлап тантыма қара бастың,  
Тірлігінен, түбіңнен ал адастың.  
Жұтып кетіп барады кездескенін  
Аласұрған аждаһа – қара тасқын.

Пендеге аз болғандай мұнысынан,  
Зевстің от пашқандай уысынан,  
Ашыған қамырдайын лава лықсып,  
Жұмыр жер шоқ лақтырды қуысынан.

Бас түгіл балағына барғызбайтын,  
Бұлтқа да етегінен шалғызбайтын  
Қирады Алатаудың шың-құздары,  
Қара жер – қолдан түскен қарбыздай-тын.

Орысың,  
Қытайың да ағылмайтын,  
Қазақтан басқа халық сағынбайтын  
Алматы Алла әмірін қабыл алды,  
Батырдай басын беріп бағынбайтын.

Жатқан ел етек-женін кеңге беріп,  
Шаһары шаһит болды жерге еніп.



Кеңістік көмейінде тозаңданып  
Бір нәрсе бара жатты дөңгеленіп.

Құдайым, қуат бар ма күшіңе тең?!  
Пенденің ойы азды, ісі – бөтен.  
Ақсарбас айтпаймысың ақыныңа,  
Алматы, аман-сау тұр,  
Түсім екен!

## ТАҢ

Таң алды, сондай қаралы,  
Жұлдыздар сөніп барады.  
Ұлғайтып ұмыт даланы  
Бүгінгі күннің қабағы.

Шапақтар шаршап қалғандай,  
Шашырар науқас адамдай.  
Болашақ күнге қамданбай,  
Телміріп тұрмын, таңданбай.

Бояулар баяу сырғиды,  
Ұқтырып жұмбақ бір күйді.  
Кекілі Күннің қылтиды.  
(Кім сүйді, бүгін кім күйді?)

## КҮШРЛІК

Жұртқа бөлер жанымдағы жалынды,  
Мен – диуана, даңқы жоқ дарынды.  
Аймен ділдес, нәті бөлек, нәресте – Ой,  
Сен сарқыдың одан қалған барымды.

Шапағат пен махаббатқа жарымай,  
Қаңғып жүрмін (жазығым не, а, Құдай!),  
Ұйпа-тұйпа шашы сынды Сағидың  
Астан-кестен тағдырымды танымай.

Құдай іші пысқаннан соң, ғаламды  
Жасай салып, ойыншық етті-ау адамды –  
Кеңістікпен келісімге келмейтін  
Бір сұлуға сұқтандырып санамды!

## АРМАНСЫЗ

Тебіреніп теңселсе де төңірек,  
Бір аяулы арман қозғап қаныңды.  
Білген сайын өмір мәнін көбірек,  
Неге осы, кем сүйесің жаныңды?!

Қасірет пе, әлде үміті пенденің  
Жан құштары жүрекке мұң құятын?  
Арманының абайсызда өлгенін  
Әйгілемей, бүгіп қалар ұятың.

Көрге кірер қайбір күні сүйегі,  
Тіршіліктің қай пендесі армансыз?  
Өле-өлгенше табылмайтын бір емі,  
Жалған, рас, жалғансыз!

## ЖҰБАТУ

Жоқтан өзге жоқ адамға жылайсың,  
Жүрегіңе сызат түсер, құлыным.  
Жоққа келіп жоқ нәрсені сұрайсың,  
Төгіледі шырының.

Мен де іздеп арып-талып, құлағам,  
Түсінбейді деп пе едің,  
Абыройы, ары нәби күнәдан  
Ботақаным, сөкпегін!

Жүрегінің басына у жиылса,  
Қиын шығар кімге де.  
Қайта оралар, Тәңір-төрем бұйырса,  
Ешкімге де үндеме.

Көресің ғой, ұмытылар ертегің,  
Бұл жұбату қазір саған керексіз.  
Мен де қанша өзегімді өртедім  
Бұл дүниеде – дерексіз.

## ОПТИМИЗМ

Бүгінгі түн – мен үшін ақырғы түн,  
Өмірімнің ажалға атын бұрдым.  
Мың ұмтылып Аллаға ділім жетпей,  
Аян боп тұр сайтанмен жақындығым.

Бәрі мені алдайды, алданам мен,  
Алла, өзіңе аманат қалған өлең.  
Жүрегімнен жүз бұтақ өріп шығып,  
Айналып кетсе, шіркін, талға денем.

Бүгінгі түн – мен үшін ауыр сондай,  
Жаным қалқып барады қауырсындай.  
Бірге жүрген достарым, (дос бар ма еді?)  
Көрімді кең қазса ғой ауырсынбай.

Сәтін тауып дәл бүгін келе қалған.  
Ажал – ақ қой, сатпайды сенем оған.  
Жыл құсындай қайырылып бір соқпаса,  
(Сенбесең де сенші сен), өле ме адам!

Бүгінгі түн – мен үшін қасіретті,  
Қасіреті жанымды жасын етті.  
Сен аман бол, қара өлең, айналайын,  
Азар болса, бір қырттың басы кетті.

## ҚАРАҢҒЫ

Жарығы талақ жалғанның  
Көзімде күңгірт нұры қап.  
Адасып кеткен арманның  
Жолығар сынды бірі нақ.

Арбасқан ойдан ми ысып,  
Қараңғылыққа кіремін.  
Көлеңкелермен сүйісіп,  
Қарайған сәтте реңім.

Мүрдеге толы айналам  
Ақ Айға сәлем етеді.  
Шашына жұлдыз байлаған  
Қам көңіл түннің етегі.

Жұлдыздан жеткен бір күйді  
Пейілмен тыңдап зарыққан.  
Зираттар үнсіз мүлгиді  
Жасырып зарын жарықтан.

## АРУ АЛМАТЫ

Сол әлі, баяғы ғұмыр нақ  
Айналмас аңға не құсқа.  
Жұлдызды иықтар ырылдап  
Кіндіктен сәл төмен тұста.

Қарашы, көшелер әжімдей,  
Күн сайын ағылған өлік.  
Түн сайын ажалдың тәжіндей  
Ай шығар айбарын төгіп.

Ауырлау болса да (аурудай),  
Сепкені замани әтір,  
Көрпесі ашылған арудай  
Алматы түс көріп жатыр.



## АУЫШ

Жұрттың бәрі асығады жұмысқа,  
Қайсыбірін ұйытарсың жырыңмен.  
Бір әйел тұр дайындалып ұрысқа,  
Бір көкем тұр көкке қарап мұрнымен.

Айналдырған жалғыз өмір ол-дағы,  
Үлгертпейді көз жеткізіп бәріне.  
Асылымды берер ем-ау қолдағы,  
Бірақ сізге менің жырым дәрі ме?

Деп күйініп, баққа қарай келемін,  
Тым тып-тыныш болмағанмен мұнда аса.  
Мұнға жүкті жүрегімнің өлеңін  
Солар ғана тыңдар-ау деп тыңдаса.

Қайыңға кеп жыр оқып ем құшақтап,  
Қара ағаштар құлақ түрді елеңдей.  
«Өзінді өзің осыншама ұсақтап, –  
Жел жылады, – не боп кеттің» дегендей.

Тамырымда қан булығып ойнады,  
Құлағымға қисық-қыңыр дауыс кеп.  
Анау ағай есалаң деп ойлады,  
Мына қыздар күбірлесті «ауыш» деп.

Мен күрсіндім, өкпелейін несіне,  
Тілі барлар келмеді деп пайымға.  
Ілестім де кеттім елдің көшіне,  
.. Енді өлең оқымаймын қайыңға!

## КЕРБҰҒЫ

Қарсы ала алмайтын ертенгі таңды  
Түндегі отпен тұлданған өшті ол бірге.  
Келмеске маңды –  
Европадай ұрланған.

Фәниде пенде өзегін бір жылт  
мекендер,  
Сөнер – сен сөнсең,  
Сарғалдақ депті ол сағынышты жұрт,  
Сағыныш түссіз, сенсең сен!

Түсіне еніп, тіліне тамған  
Уды бал ету – кәсібі.  
Мүйіздерінде шырақтар жанған  
Бұғыдай әулие, әсілі.

Сол жанды неге түсімде көрдім,  
Сіздегі торға қамалған...  
Босатып қайта, бостандық бергін,  
Сағындық Оны, я, Аллам!

## КӨРҒАУ

Аза бұлты қаза жасын төккенде,  
Жаз ба, күз бе, жә, болмаса көктемде.  
Күрегін ап көр қазатын күрсініп,  
Бір әзіз жан дүниеден өткенде.

Жанарынан талай мәрте шық құлап,  
Қу фәниден шыншыл әрі құттырақ,  
Сан жақсыны жайлы орынға жайғаған  
Оның шені министрден мықтырақ.

Көрем десе, тәңірінің көзі көп,  
Кімнің алдын кімдер болжап сезіп ед?  
Ол қайтқанда жуып жатты денесін  
(Бұл түсі ғой) қажы Рәтбек өзі кеп.

Ақыры енді сөздің басын ашқасын,  
Ақ шашын да сыйламай-ақ, қасқасын.  
Сорға біткен сүйірік тілім, сүйренде,  
Құдайдан тек қақпайтұғын басқасын.

Біз салғанда садақаның жарысын,  
Ол аспанға түртті саусақ,  
Наны үшін.  
Қайдан жыртсын қайыршылар содан соң  
Дін мұсылман баласының намысын.

Ал әлгі жан қабыл болмай тілегі,  
Иығында басы сынған күрегі.  
Көзін жұмса, таныс зират ішінде  
Үй салатын жер таба алмай жүреді.

## ҚОБЫЗ

Ақ ғаламды қара, қоңыр... жоқ!  
Қызыл  
Бояуменен бұзып өтті түп-түзу.  
Кетсін деп те мына өмірдің соры үдеп,  
Осы оның отқа оранар жолы деп.

Сол бояудың тарқаған жоқ мұңы әлі,  
Шер көкірек шерленеді, тынады.  
Сен шалғанда қобызыңды, содан ба,  
Түз әні емес, ызалы әуен шығады.

Жан өртеніп, қияғыннан шок ұшып,  
Жауырынымда сан мың ине соғысып,  
Жария етер тауқыметін жыланнның,  
Жал-күйрықсыз Қазақ тектес құланның.

Мұның бәрі қанға түскен күйіктің  
зор суреті. Жұлдыздардан биік тым.  
Қыш кірпішке қашап жазған өлеңнің,  
Қадіріндей мұз дәуірлік береннің.

Жалғыздықтан құтыла алмай батпандай,  
Тәңір өзі зарыққан соң шапқандай.  
Қобызбенен өзегі дерт жұмыр Жер  
Бір-бірімен бақұлдасып жатқандай.

Сен шалғанда қобызыңды қоңырқай,  
Зар-саз жетер жүрегіме. Тобыр қай  
Мән береді ми сыздатар әуенге,  
Сән күледі олар сүйген әлемде.

Жаһаннамдық жаназамды жаһанда  
Сыймайтұғын ешбір сөзге, мақамға

Қылқобыздың қос көзінен таныдым,  
Таныдым мен бақилықтың анығын.

Қара нар – ой боздап, кезіп сананы,  
Солқылдатты-ау жанда бітеу жараны.  
«Тексіздік пен аруақтың егесі  
Бір тоқтамға келе алмайды-ей, неге осы!

Көрден қашып (пенделердей есі кем)  
Қорқыттыкі, ал шоң басымен несі екен?» –  
деп күбірлеп күпірліксіз інірде  
Сіңіп кеттім ауадағы дірілге.

Содан бері қобыз болып күн кештім,  
Айыра алмай:  
Кім – ақ, қара, ділдес – кім?!

Жер бетінде тәнім қалды, сен оның  
Тілін тапсаң,  
Сырласы бол, мұңлы өскін!

## МАҢЫРАҚ

Ажалдың Айы туғанда  
Солынан емес, оңынан,  
өлмейді Қазақ,  
Өледі –  
Өлсе егер, мұнның жоғынан.

Кек болып келіп көмейге,  
маңырап шыққан мұңлық үн,  
Мен сені қалай жұбатып,  
Жіліктей алам, құлдығым!?

Көмген соң көмбе-көмейге,  
Басты алар,  
Тілді кеспес деп,  
Ділгірі жетпес діліме,  
Содан ба, қайдам, өштес көп.

Кеткендей болып көңілдің күлкісі  
Мұңға жамырап,  
Асқардан ұшқан арқардай  
Маңырай берем,  
Маңырақ!

Үн тамсап таныс шалғайдан  
мүйізім ылғи сырқырар,  
Себебі, сон-оу түпсізде –  
Сенің де,  
Менің жұртым бар.

Дариға, ah...  
Жоққа зар жандай,  
Түбінде мұнның шындық тұр.  
Шешімі ұлы Жұмбақтың...

Сыр сауып Сырдан,  
Сұмдық сыр.

Маңырақ жалған маңарда  
Ақырғы сыр бұл айтылған –  
Алақанында Алланың  
Адамнан бұрын  
Ай туған!

## БІР ҚЫЗ

Көкжиекке батты жұлдыз,  
Аққан көздей ақты жұлдыз...  
Есіне алса, өкси берер...  
О, осынау шақты... бір қыз.

Ақты солай...  
Ақты жұлдыз.  
Арманымды сатты бір қыз.  
Бақытымды қақты бір қыз.  
Кеудеме гүл тақты бір қыз!

Тағдырымды апты бір қыз,  
Тағдырым боп қапты бір қыз.  
Үмітімді жақты бір қыз,  
Ақты жұлдыз...  
Ақты жұлдыз...

Өкіндірді тәтті бір қыз,  
Бекіндірді қатты бір қыз.  
Беу, солардың көз жасындай  
О, бәрібір... ақты жұлдыз...



## ӨМІР

Менің жаным аппақ емес, қап-қара,  
Қапияда от тигендей мақтаға.  
Қарап қоям айнасынан уақыттың  
Маңдайдағы тағдыр дейтін тақтаға.

Тәніне орап тәлімінің кебінін,  
Жалпылдайды көптің жықпай көңілін.  
Жатырында кулық пенен сұмдықтың  
Ессіз өскен бала сынды өмірім.

Жүрек содан жетім жандай ашынар,  
Ашынар да шаншың, қайта басылар.  
Жалғыз жерде жалғыз ғұмыр кештім мен,  
Көзім, сірә, көрге кіріп ашылар.

Бала арманым өлді екен деп тереңде,  
Болмас іске қабағымды керем бе.  
Жерге сыйлап жансыз қалған тәнімді,  
Көкке кетем, көресімді көрем де!

## ТАҒДЫР

Сайқал тағдыр сарығасын санама,  
Ащы өмірдің жұттым удай сусынын.  
Түсіне алсаң түйткілімді бағала,  
Түйсігіңмен жүрегіме қара да.

Маған да бір бақ қонар деп күткенмін,  
Қайғы да өтті, шаттық та өтті басымнан.  
Махаббаттың мерекесі біткен күн  
Сен де менің табыласың қасымнан.

Оу, адамдар, аяландар ақынды,  
Сіздерге арнар өмірі мен өлеңін.  
Ішпегеннің бәрі бүгін ақылды,  
Ішкендердің бәрі ақымақ демегін.

Сансыратса сансыз қайғы, ауыр мұң,  
Мен сияқты күй кешесіз сіз де кіл.  
Шарап пенен гүлін сүйген сәуірдің  
Шайырлардың сарқытымыз біз де бір.

Көп-көп достар жүрегімнен жоғалды,  
«Өмір солай, түк етпейді», – деп күлді де,  
Ит тірлік кеп балағыма оралды,  
Кімнің жанын кім ұғарын білді ме?!

## НЕҒЫЛАЙЫН

Сен мені жатырқама, жарық Айым,  
Бұлттан шық, ақ нұрынды жамылайын.  
Аккудай бір қыз бар ед ақ маңдайлы,  
Алысқа ұшып кетті-ау, неғылайын?!

Аккудың ақ киесін білмес пе едім,  
Лашындай лапылдап кеп ілмес пе едім!  
Дүние-ай, найзағай боп жаралғанда,  
Кеудесін анау бұлттың тілмес пе едім?

Сен мені жатырқама, арман Айым.  
Үзілген үмітіммен жалғанайын.  
Мәңгілік махаббаттың мекеніне  
Қағайын қанатымды, қарманайын.

Сағынсам, тек өзінді сағынайын,  
Зарығайын (О, менің жарық Айым!)  
Бір жұлдыз ағып түсті-ау жанарымнан,  
Жүрегім сыздап кетті-ау, неғылайын!

## ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Дос іздедім тірліктен, табылмады,  
Ақылды, қайраты мол – қабырғалы.  
«Жалғандықтан жасалған көңіл екен» –  
Кешегі доспын деген жанның бәрі.

Көзім жетпей ғұмырым кеміс бітті,  
Көңіліммен кеміріп кеңістікті,  
Өзімді өзім мәңгі ұқпай, мәңгүрт жандай  
Кетіп барам бетке алып терістікті.

Күндер қалды артымда күлкімді еміп,  
Бермеді ғой басыма бір күн ерік.  
Бір кітапты мен-дағы жазбас па едім,  
Кеткен елге арларын күлкын көміп.

Өмірім, өлмеген соң, үміт теріп,  
Әйтеуір ас ішеді, сідік төгіп.  
Ұққан жан махаббаттың баянсызын  
Жүр енді достыққа да күдіктеніп.

Көне алмай есалаңдар ермегіне,  
Есімді ессіз сумен емдедім де.  
Иман атсын саудагер заманды деп,  
Базардан қайтып барам Мен де, міне.

## АНА

Өмір дейтін зымыран нұр ағында,  
Құс жастықты құшақтап құладың ба?  
Сен де мендей оңаша ананды ойлап,  
Сағыныштан сарғайып, жыладың ба?

Сен де мендей мұнды ма ең, балапаным,  
Көкейіне сыйдырған дала таңын?  
Сен де мендей жүрсің-ау аңсап бүгін,  
Аялаған ананың алақанын.

Сен де мендей, бауырым, тарықтың ба,  
Тіршіліктен кей-кейде жалықтың ба?  
Күрсінгенде шерменде шерің шықпай,  
Анасы жоқ Әлемнен зар ұқтың ба?

Сен де мендей мейірімге шөлдедің бе?  
Көз жасыңмен көңіліңді демдедің бе?  
Сен де мендей, қайтқанда асыл анаң,  
Көмдірмеймін дедің бе, көнбедің бе?

Сен де мендей іздедің, таба алмадың,  
Сағыныш қой, сағыныш – Ана, ардағым.

Бастарына бір барып қайтайықшы,  
Тарқар ма екен, дариға-ай, жанардан мұн?!

## АҢСАР

Көк жүзінде Ай жүзеді дөңгелеп,  
Жұлдыз өңі өп-өтірік жымыды.  
Тіршіліктің тауқыметін термелеп,  
Көкке қарап көкбөрілер ұлиды.

О, ол жақта ұғылмаған үндер бар,  
Жадыңызды жамыратар ертеңмен.  
Соны сезіп, түпсіз терең түндерге,  
Сіз түсінбес шерлерімді шертем мен.

Бір Алланың шапағаты тисін деп,  
Құран сүйдім (шарап та іштім қарқылдап).  
Бал мен улы әрбір таңдай түйсінбек,  
Кімге керек жалған сөздер жарқылдақ.

Не демейді нәмәрт жандар күні үшін,  
Көки берсін, құдайсызға сенбеші.  
О дүние де бұ дүниедей тылсым,  
Есті санам, есерлікті емдепші.

Күнгірт ойды қорек етіп көңілге,  
Жазған бала-ай, нең бар еді ғарышта!  
Кегің кетсе қайырарсың өмірге,  
Неге тілсіз телміресің алысқа?

## ДҰҒА

*Мына теңіз астында қорым қалған,  
Шағалалар кетпейді со бір маңнан...  
Есенғали*

Теңесем тең табам ба тұрысыңды,  
Жасырған тереңіне ұлы сырды,  
Шардара – көзге сыймай ыршып кеткен  
Бір тамшы әбілһаят суы сынды.

Тұсынан өте алмаймын бата қылмай,  
Бұрылса бұл өлкеге сапарым қай.  
Ғайыптан пайда болар қу далада  
Кәдімгі «Мың бір түннің» шаһарындай.

Көмілген қызыл құмға алтын қала  
(О неге, сап-сары ғой... )  
Таңырқама.  
Қоңырат қарт сияқты қоңырайып  
Ұласса даналығы Әмірханға.

Шарқ ұрған Шардарадай...  
  өмір мұнды  
Шулатып шағаласы көңілімді.

Қайдағы-жайдағыны аңсатқанда  
Ол жазған не түсінді, нені білді?!

Шағала...  
Ақ шағалам, қалпың маған –  
Ұқсайды...  
Ақ Жайықтан ән тыңдаған.  
Мен жүрмін Алатауға арзу айтып,  
Сен жүрсің Шардарада шаңқылдаған.

Сенде бір сағыныш бар қаталаған,  
Мені де бір нәрсе бар матап алған.  
...Қаламыз қай түкпірде қай күні біз,  
Қалғандай су түбінде ата-бабам.

Ішіне құпиясын кетер бүгіп,  
Тіріні өліден де бетер қылып.  
Ел көшіп келе жатқан сияқты ма  
Астынан Шардараның көтеріліп..?



## МУЗА

Жүректі қайнар қанға толғызып сан,  
Сен келсең, түн қойнына өргізіп ән.  
Сытылып шығып кетіп, сені құшам,  
Жанымда жатқан жұмақ қор қызынан.

Басса да жер дүниені көшкін мейлі,  
Сен ғана өлмейтін де ескірмейтін.  
Ондай сөз, ондай бояу ғаламда жоқ,  
Киелі келбетінді кескіндейтін.

Сен шықсаң сылаң қағып жыр бағына,  
Күнгірт боп қалар еді нұр да мына.  
Құдай мен Құраннан соң бір өзіңсің,  
Тұрмайды басқа нәрсе тырнағыңа.

Жанымды ғарышқа атып кір түнектен,  
Тәнімді жерге көміп дір-дір еткен.  
Жүрерміз тозақ отын жырмен сабап,  
Екеуміз қабат соғып бір жүректен.

## ЖАЗМЫШ

Жазмыш деген бір қызык...  
Алладан жетсе арайлы үн.  
Түндікті түнде түргізіп,  
Аққан жұлдызды санаймын.

Іңірде шығып төбеге,  
Жанарға жас боп құйылған,  
Ана бір жарық немене,  
Ғұмыр ма қыршын қиылған?

Зымырап ағып көлденең  
Ғайыпқа сіңіп табанда,  
Сәби ме жоққа шөлдеген  
Иманы кемдеу заманда.

Обал-ау, ару жан болса,  
Арына арсыз сүйкенген.  
Азасыз салдым ән қанша,  
Ақ жалын жұтқан жүйкемнен.

Не ұғып, нені білемін,  
Менің де санам боданда.  
Ақын ба, әлде жүрегін  
Қансоқта еткен қоғамға.

Ұмсынған көкке құрысын  
Адамның біздей әуресі.  
Аспанның түбі тылсым,  
Сананың соқыр сәулесі.

## ӨҢ МЕН ТҮС

Не жатыр ішімде-оу,  
Кім оны білер?!  
Қаным бір қайыңмен табаны қара.  
Аспани аңсарын тілер,  
Басымда бүршіктеп нала.

Құрметтер қадірін көрдің  
(келді ме күлкің...)  
Ол түссе, шырағы Жердің  
Қайтадан жанар да мүмкін!

Қайыңды қарындас тұтып,  
Жап-жасыл жүрегін сүйіп.  
Санамнан биік,  
Жұлдызға қашықтау тұста  
Езілем біреуді күтіп.

Терезе сыртында....  
Сол қайың өксіп,  
Қол созар, ендір деп ішке.  
Мен тұрмын маңдайым тепшіп,  
Бұл қалай?  
Өңім бе, түс пе?..

## ЕЛЕС

Жұлдыз едің,  
Мәлт еттің жанарымнан,  
Аппақ Айдың дақ көрдім анарынан.  
Еңіреп кеп құлады қара түнім  
Қара гүлдің құшақтап сағағынан.

Жалт ете қап, жоқ болдың қас-қағымда,  
Кілт айналды дүние басқа ағымға...  
Періштелер дүрлігіп той жасап жүр,  
Алатаудың Ай қадап асқарына.

Кермек татып кеткендей таза жасым,  
Сұр аспанда саз емес,  
Аза басым,  
Шілік біткен шімірікпей оқып жатыр  
Аққайыңның ақ жауып жаназасын.

Қисаймастай қылы оған қала мына,  
Аяп кетем, сүйенем қаламыма.  
Сені көзден сүйгендей сүйем сосын  
Кірпігінді сап қойып шарабыма.

## БӨРІ

Мен кеткеннен шалқи қалса ырысын,  
Кетем енді, от боп жанып тұр ішім.  
Дал-дал жанды қан-қан қылып, Тәңірім,  
Бүйтіп берген тіршілігің құрысын.

Су құйғандай түбі тесік шелекке,  
Менің мұным мұңсыздарға керек пе?  
Жатпаған сон айта берем, о, несін,  
Адам түгіл, Аллаһ өзі елеп те.

Жолдасы жоқ... жолдан таппай азығын,  
Түнді кезген бөрідейін қажыдым.  
Түкситер ем түктерімді, түгім жоқ,  
Ей, өмір-ау, жазығым не, жазығым?

Жас қайыңдай жаным бір күн  
шырайлы  
Тамырларын ой құрты жеп, құлайды.  
Құлқынының қамы емес, қу көңіл  
Қадірінің қашқанына жылайды.

Мен азап пен қасіретке жүктімін,  
Басқа сөзге келер емес түк тілім.  
Тұрақ таппай, он сегіз мың ғаламның  
Кезіп жүрмін түкпірінің түкпірін.

## ДИУАНА

Күндер жеткен күлкі ... күйік күйімен,  
Сенсіз сәттің ауасына түйілген.  
Өзегімді өрт тіледі, өрімім,  
Дидарыңа диуана боп дүнием.

Талайына таупық тартқан талайдың,  
Тәңіріме ішқұса боп қараймын.  
Қадірлеген өмірім ең, шара не?!  
Қасиетсіз еткеніңе – қарайдым!

Ой-санама сағыныштың пышағын  
Қададың да, сенімімді тұсадың.  
Құсаланған сезім ұшты қақ жарып  
Жанталасқан қараңғы мұң құшағын.

Ай, Күн куә, күттім қанша сарылып,  
Бар мұрат пен мақсатымнан арылып.  
Жаназамды сосын жат қыз шығарды,  
Жүрегімнің бір тамыры жарылып!..

Сүйген жанға сағыныштың қандайын  
Мысал етер менің бейбақ маңдайым.  
Саған де еңсін бұл сағыныш,  
Есті гүл,  
Тамырымды тамырыңа жалғайын...

## КӨКЖИЕК

Көкжиегімнен көтеріледі Күн налып,  
Көкірегімнен дүбірлі сезім ұрланып.  
Сондай бір сәтте иесіз қалған жүрекке  
Создың ба қолың, саусағы – сәуле бір бақыт.

Өмірім неге өксікке толы екен деп,  
Көңілім көкке күрсініп қалып, көтерді от.  
Сондай бір сәтте жолығып қалдым  
Мен Саған,  
Жер бетін жүрген әдемі жан-ау мекендеп.

Шаттықтан ада шаршатқан тірлік тойы да,  
Кебенек емес, кебінін жауып бойыма.  
Сондай бір сәтте  
түтінін жұтып шылымның,  
Отырар болдым орап ап Сені ойыма.

Қапа боп күнде адасып қалып қалқамнан,  
Зіл батпан қайғы нығырлай басса арқамнан,  
Сондай бір сәтте  
оны емес, сені аңсап мен,  
Шарапқа күйіп жатқанмын жылап шалқамнан.

Көкжиегімнен көтеріледі Күн налып,  
Көкірегімнен дүбірлі сезім ұрланып.  
Сондай бір сәтте кездескен едік екеуміз,  
Кетпесе екен аспаным қайта сұрланып.

## ІБІЛІС

Дағдарыс туды санада,  
Тұтылған күндей мысалы.  
Дағдарыс туып санада,  
Жерітті тірлік құшағы.

Еске сап құстар сөйлейді:  
«Қай жақтан келдің, қарғам?» деп.  
Өксімейтін де өлмейтін  
Құдайда құйттай арман жоқ.

Үмітін үзген пендеден  
Сананың түбі – түңіліс.  
Алласын сүйіп көрмеген  
Ассалаумағалейкүм, Ібіліс!

Құлаған жұлдыз кеудемде,  
Жүректі жақын айналып,  
Көздері ашық көркеудем,  
Бақытқа қалды-ай байланып.

Үмітін үзген пендеден  
Сананың түбі – түңіліс.  
Нәпсісін тыйып көрмеген,  
Ассалаумағалейкүм, Ібіліс!

Жадымда жанған сәулемен  
Жапырақ жанға ой құяр.  
Зейінім зарлап зәуде, нем (?)  
Бой жазар сана, оянар...

Көлеңкем түспей қорланам,  
Бейнесіз тәнім тәртiпсiз.  
Өмірде бір рет болмаған.  
Сіз Менен мәрте артықсыз.



Үмітін үзген пендеден  
Сананың түбі – түңіліс.  
Жалғанға өңін бермеген,  
Қош болып тұрғын, Ібіліс!

Дағдарған сана тазарар,  
Ай тумас деп пе ең, немене?!  
Қазалы жерде аза бар,  
Тәңірім тұтсын төбеге!!!

## ЖҰТЫЛУ

Иегіне қолын сүйеп,  
Түн түнеріп тұр мына:  
Жұлдыздарға үзіп беріп үмітін.  
Зират ішін кезіп келе жатырмын,  
Күйіне еніп есі ауысқан пақырдың.

Әнін айтып аяқталмас фәнилікпен астасқан,  
Қарлыққанда қаралы Жер тамағы,  
Жанымды алып қашып  
тобыр-топастан,  
Ой еmemін кеңістікпен отасқан.

Түсіп кеткен шарап толы құмыраның ішіне,  
Өз-өзімді мүсіркемей, аямай,  
Әр молаға басымды үнсіз иемін,  
Бордай боздап сүйегім.

Көкжиектің көмейінде сұмдық сырды андаған,  
Иығымнан басымда алып лақтырып:  
Меніменен бітелсе деп тесігің,  
Қақтым сонсоң о дүние есігің.

Байыз таппай байғыз құстар мейрамдап,  
Жарқанаттың жас ауларда пиғылы.  
Жерге қалған жас тәнімді байланып,  
Ай бейнесі айналып жүр ...  
(қайғы анық!)

Иегінен қолын алып түн шақырды, барамын...  
Талай күндер зарықтырған  
мақсатым.

Бал шарапты жаны балқып ішетін,  
О дүниеге о бастан-ақ мүше едім.

## АНАТОМИЯЛЫҚ АҒЫМ

Жалғыз жүрек мендегі  
сағынышы сансыз көп,  
Жәлеп-жалған өмірге  
ат байладым қамсыз кеп.

Күйін шертіп күйіктің,  
уын іштім мың мұңның.  
Ырығына бағынбай  
ынсабы жоқ ындынның.

Есекпен де естескем,  
есалаң ба деме сен,  
Жұлдызбен де тілдескем,  
таулармен де кеңесем.  
Сүйем – сосын сөйтемін,  
қан қақсаған қойыны,  
Өмір деген – қашаннан үлкендердің ойыны.

Оны өзің де ұғасың,  
не айтпақ ем білмейсің,  
Құдайың бар,  
оны да  
көз қып әдейі тілдейсің.

Бақыт болды бір тиын,  
сен де алтынның құлы ма ең?  
Мен де жүрмін сала алмай  
бақ пен сордың біріне ен.

Баян етем,  
содан ба,  
бақыт әнін, сор әнін,  
Жамылғанша жансыз тән топырағын моланың.



## ЖАС ЖУАР

Мәңгілік мұңлы мақамда  
Кешқұрым кеуде күңіренер-ді.  
Жалт жауып кетіп жаһанды,  
Талдардың тәні тебіренді.

Үздіге қарап Үркерге...  
(Жұлдыз боп кетсем, шіркін-ай!)  
Құсаға толып дүр кеуде,  
Көміліп қалған күлкім-ай.

Жасыннан жасып ән шығар,  
Ғарыштың қанын тербеген.  
«Жаңбырлы түнде жан жылар»,  
Жұбату күтпей пендеден.

## АЙТ ДЕДІҢ-АУ

Айт дедің-ау,  
не айтам,  
жаным, саған?!  
Мұнды айтам ба жүректі жаншылаған.  
«Досты» айтам ба бос сөзбен қамшылаған,  
Жасты айтам ба бейкүнә тамшылаған?!

Айт дедің-ау,  
не айтам,  
жаным, саған?!  
Езді айтам ба өлеңге араласқан –  
Шамасы мен шарқына қарамастан,  
Қасиетті өнермен жағаласқан?!

Айт дедің-ау,  
не айтам,  
жаным, саған?!  
Елді айтам ба етегін жаңа жапқан,  
Жерді айтам ба денесін жара жапқан,  
Көлді айтам ба шөл болып бара жатқан?!

Басқа айтатын нем қалды менің саған,  
Көгім де аман тұрса екен,  
көлім де аман.  
Бар тілегің сол болсын сенің маған,  
Жерім де аман тұрса екен, елім де аман!

## ТОЙ

Сүттей аппақ көңіліңе  
Алла үрлеп – дем беріп,  
Менің мұңлы өміріме  
Той боп жатыр сен келіп.

Жалғыздықтың жалғыз емін...  
Жанға қатты батты көп.  
Мен бұл тойда бал ішемін  
Кешегі удан тәтті деп.

Шарапты да жұтам, мүмкін,  
Ашып ардың тұмасын.  
Талшын тәннің қуатын ол  
Танып, талып – жыласын.

Келер күндер қабағымнан,  
Қадамас деп қайғы сұқ.  
Би биледім ... Тамағыңнан  
Нұрды жұтып, Ай құшып.

Ән салдым мен әм бұл тойда,  
Гүр – ғашықтық, дүр – сезім.  
Шашып шапту албырт ойға,  
Жүрек сүртіп тұр көзін.

## КӨЗМОНШАҚ

Бас байлаған менің бекем қазығым,  
Маған сыйла кеуіліңнің жазығын.  
Жараспайсың менен басқа бесікке,  
Көзмоншақтай жаны таза нәзігім.

Түйсінер деп көңіл үнін, ар үнін,  
Саралар деп түйткілімнің парығын.  
Сөзбен салдым сезімімнің суретін,  
Меруерттей мөлдіреген жарығым.

Сені аңсамай жазған жырым нұрсыз кіл,  
Сен жоқ жерде – тұл дүние Күнсіз тұр.  
Мендегі хал сол баяғы, баяғы:  
«Көзбен ұғып, ішпен сезер тілсіз тіл!»



## НАЙЗАҒАЙ

Жазда жауған қар құсап, қыста ойнаған жасындай,  
Жасандыны сындырған мінін айтып жасырмай,  
Жан әлемі белгісіз элементтен құралған,  
Жерге түскен ғарыштың Қағбадағы тасындай.

Қарағайға китығып қарсы біткен бұтақтай,  
Ер сияқты қоймайтын егескенін мұқатпай.  
Күндей күліп кенеттен, бұзылатын нілдей боп,  
Түсіне алмай қойдык қой түсініксіз кітаптай.

Жаратасың жаратсаң ерекше ғып, ой, Алла-ай,  
Қайшылықпен астасқан біз көрмеген бояудай.  
Заты түгіл атынан қабыландай қаһарлы  
Жетесіздер кететін інге кіріп қояндай.

... біздің қоғам біртүрлі, біздің қоғам ызғарлы,  
Жылытуға дәрменсіз жүректегі сыздарды.  
Қара перде бөліп тұр әйелдер мен еркекті  
Ұғынбайды ел сондықтан жаны жұмбақ қыздарды.

Сіз жайлы да, жан апа, өлеңнен де тақпақ көп,  
Үп еткенде самал жел ұшып кетер бақбақ боп.  
Мен де айтайын деп едім сіз туралы бір рет,  
Қара перде артында гүл жатқанын аппақ боп...

## АР

Тауықтың ары тарымен бірге,  
Шашылса тары – шашылар.  
Аккудың ары жарымен бірге  
(Жарына ғана бас ұрар).

Есектің ары, есалаң неме,  
Ойлайды ол қарнын созу деп.  
Тұлпарды даттап өш алам деме,  
Тұлпардын ары озу тек.

Қыранның ары көзінде өткір,  
Күнге де қарар қасқайып.  
Қарғаның ары... өзімен кеткір,  
Өзімен өзін тастайық.

Ғаламның ары күнменен нұрлы,  
Күнсіз тұл тірлік әлемі.  
Даланың әрі гүлімен сырлы,  
Гүлсіз де бірақ әдемі.

Шаладай бықсып жалғасып жүрер,  
Өсек пен соры соңында, –  
Ақынның арын Алласы білер,  
Ал сенің арың қолыңда!

## БЕЙОПА

Көктем емес пе еді?!  
Қазбауыр бұлттар жеткенде

ШЫҒЫСТАН

кезбе,  
Сезімнің құйып шарабын хрусталь сөзге,  
Егіз бір жандай екеуміз ұғысқан кезде.  
Өткен елес пе еді!

Шекер екен нәрі –  
Қиялға қанат сананың қақтырғаны да,  
Беймезгіл басқа бейопа бақ тұрғаны да.  
Күрсінем келіп, түпсізге лақтырғаның ба?  
Бекер екен бәрі.

Іздерді жалған,  
Қанменен шайып жүректен өшіріп мүлде,  
Күйінсем-дағы қараймын кешіріп Күнге,  
Гүлдерді өртеп кеткендей көшіріп күлге, –  
Күз келді, қарғам!

## КЕНЕСАРЫ

Тарихтың кім кетпеген тақымында?!  
Бек сенген мақсаты мен ақылына.  
Хан Кене бір күндері жаушы салды  
Ботпайдың бетке ұстаған батырына.

Жаушының сөзі қысқа. Нақпа-нағы:  
– Дулаттың қаракетсіз жатқан әлі  
Ат жалын тартып мінер кәрі-жасы  
Қырғызға дайын тұрсын қаптағалы!

Сыпатай саумалайды сақалын кеп,  
Тағдырдан тағы не сор татамын деп.  
Қырғызға қарсы шапса, жүзі күйіп,  
Бір дауға қалары анық шатағы көп.

Кеңісе қамар белдік беліндегі,  
Сұм семсер дем тартады төріндегі.  
Құп алса Хан Кененің өктемдігін –  
Екі елдің оты мәңгі бөлінгені.

Кененің құрығы ұзын, қолы мығым,  
Қай күшпен тоқтатарсың оны бүгін.  
Көкжиек жұтып бара жатыр әне  
Және бір ауыр ойға толы күнін.

Қапа боп батқан күнге, атқан таңға,  
Зар болып жалғыз үзім қатқан нанға.  
Дәл бұлай абыржыған кезі бар ма ед  
Хиуаның зынданында жатқанда да.

Қырғызбен құдандалы, өрісі кең,  
Иті мен иті туыс, бөрісімен...

– Тақ құмар ханға бола қайдағы жоқ,  
Көршімнің қанын шашам не үшін мен?!

Жапалақ бір жалп етті жар басынан,  
Осы деп «өгіз өліп, арба сынған!»  
Алла деп атқа мінді,  
Беті – Алатау.  
Бұл істің хабарсызбын арғысынан.

Аңыздың ақыры осы, сенесің бе-ей,  
(Бұл аңыз – бар аңыздың төресіндей!)  
Бүгін ғой басымды іздеп қаңғып жүрмін  
Кененің көрден шыққан денесіндей.

## ГҮЛ

Санамды сезім улағандай-ау,  
Ажарың тілді байлап бір.  
Мандайың буға булағандай-ау,  
Гауһардай көзің жайнап тұр.

Жүргенің қудың жүзгеніндей ме?  
Құмыра белің нәзік тым.  
Ақ тісің ақ жыр тізгенімдей ме?  
(Тауысар көркін жазып кім?)

Жүрек пе жүрек – үбектемесе,  
Ғашықтың ғасыл кей түнін?  
Сендей-ақ шығар Жібек те кеше  
Періште тектес дейтұғын!

## ҚЫС

Қар жауып тұр.

Қан тамады – қара қан,

Қара қанды қардың тілі жалаған.

Қан ізімен біреу ілбіп келеді, жалаң аяқ,

Қаншық тағдыр талаған.

Жалаң аяқ. Тұт жалаңаш, жалаңаш,

Тағына да, бағына да ол қарамас.

Құр сұлдерін сүйреп кіріп барады

Кеңістіктің көмейіне – араны аш.

Тіл байлану осы шығар, жақ сынып,

Жетім қалды жер бетінде жақсы үміт.

Сұр ажал жүр аманатын Алланың

Аман-есен адамдарға тапсырып.

Тәңір шақтап тартпаған соң бойға бас,

Сорлы пенде ертеңін еш ойламас.

...нәзік-нәзік ақ жұлдыздар мез-мейрам,

Көңілдері бір-ақ сәттік тойға мас.

## ҮМІТ

Аңсарын алған асындай болып жеріктің,  
Көрініп көзге көңілімді несін еліттің?  
Түсінесің бе,  
Түбірсіз мына дүниені,  
Пейілі таза, жүрегі аппақ көріктім?

Баса да бердім, қайтейін, қате әр ізді,  
Табылмай қалып жанымды ұғар жан ізгі.  
Жалғанның жалған екенін сезіп барлығы  
Арларын сатып,  
Арсыз боп кеткен тәрізді.

Жаныма жылы тигеннен кейін гүл демің,  
Өзіңе аштым тот басқан жүрек ілгегін.  
Қанаты дал-дал сұңкармен бірақ сапарға,  
Ғұмырын қиып, шыға да қояр бірге кім?!



## ЖЕРМЕН ҚОШТАСУ

Жерді ораған көк перде,  
Менің жұлдызым көрінбейді бұл жерден.  
Оны іздеп өзім барам түбінде  
Жұпариса гүл аңқыған көктемде.

Сезем ғой мен,  
Қанат бітер сол кезде.  
Өксігімді ұмыттырып нұрлы әлем.  
Ұшармын-ау, аңсап күткен шақ келіп,  
Өмір сүйгіш өзегімді қақ бөліп.

Риза бол,  
Бал да жұттың, у іштін,  
Ә, бейберекет бейнеті мол сор басым.  
Жерде туып ақын болу әбестік,  
Әм алқаштау һәм шын қазақ болғасын.

Алыстармыз алыс жаққа құпия,  
Жасыл жұлдыз, жанарыңды жасаурат.  
Қайтып келіп, қайтып көру неғайбіл,  
Сенде өтіп ед азғана күн, масаң сәт.

## КЕРІМСАЛ

Қызыл жарық тереземнен кірді үйге,  
Кел, көлеңкем,  
        жарқын нұрмен бір биле.  
Қобыз көңілім,  
        әлденені түйдің бе,  
Қоңыр кешім,  
        самайымнан сүйдің бе?

Ілінгендей соңғы сәуле сіңірге,  
Ал шегіртке, жырынды оқы іңірге!  
Мысық отыр бір бұрышта бұйығып,  
Құлақ түріп көмескілеу күбірге.

Көкжиек тұр түнге кейіп күрсінген,  
Жүрек мынау есі шыққан дүрсілден.  
Жігіт отыр тақап қойып ерінін  
Тамағына хас арудың гүл сіңген.

Жымындайды жұлдыз біткен, немене,  
Төңкерілген аспан тесік тегене.  
Сезім сел боп, еріп етің кетердей  
Жанасқанда барқыт дем кеп денеңе.

Көрсетпек ед ашып Ай қыз анарын,  
Шолпан-сайтан таңның айтты хабарын.  
Соның бәрін байқаған жоқ жас жігіт  
Және арудың жас кернеген жанарын.

Күн де шықты бозғыл нұры жайылған,  
Түн көйлегін жыртып, дар-дар айырған.  
...Шулап кетті құстар біткен бірігіп,  
Қашанда сол еститінің байырғы ән.

## ТЫЛСЫМ

Құшақ жылы,  
Ерін, тегі, ып-ыстық.  
Ыстық сөздер... Түн. Қараңғы.  
Тыныштық.  
Қысып тұрып, құшып тұрып  
сүйгеннен,  
Тарылмайды, кеңімесе, тыныс түк.

Сағыныштың сазы бөлек бәрінен.  
Ал сүйіссіз махаббаттың мәні кем.  
Ақ арудың аппақ төсін аймала,  
Ләззат жұтып тәтті тілдің дәмінен.

Сен ұялма,  
Сүйе білу – мықтылық.  
Жан сөзінді бал тілінмен ұқтырып.  
Құшағында қайнап тұрып сезімнің,  
Өкіну жоқ, өліп кетсең тік тұрып.

Қас қағым сәт...  
Әсерлеу жоқ айтып көп.  
(Бұл тірлікке шыдар дерсің қайтіп бет!)  
Жақтырмасаң құмырсақ бел, ақ тәнді  
Құдай қуған қу жұмаққа қайтып кет.

## КҮЗ

Аспанилық атағымен бұйырған,  
Ғұмырына күле қарап қиырдан.  
Алтын шашты, қызыл кірпік мына күз  
Жұма-ағамның жырларындай жымиған.

Алты ай қыстың бір жұмбағын шешіп Ол,  
Қайта оянар, сан күннен соң өсіп, өр...  
Мына күздің тұрпатында текті өң бар,  
Есағамның өлеңіндей есі мол.

Жардан емес, ардан тауып миятты,  
Ойы бойға сыйыстырған ұятты.  
Өзегінді өртейді екен мына күз,  
Гүлнәр қыздың сезіміндей қуатты.

Сұр жапырақ талдан құлап,  
сыйсыздау,  
Көзін жұмып күрсінеді күйсіз бау.  
Мынау күзге қарап кейде күйесің,  
...Миссыздау.

## ҚАЙШЫЛЫҚ

Арлан арман кеудемде тыншымады,  
От сезім кеп алқымға тұншығады.  
Гүл шыққандай қырларға,  
сені ойласам,  
Ақ қағаздың бетіне жыр шығады.

Айналмайық, алтыным, сыйсыздарға,  
Күйінбесең, кеудеңде күй сыздар ма?!  
Күрсініп ал, күлкім кеп отырамын  
Марапаттан мас болған мисыздарға.

Жабы көрсем жалғанның көшесінен,  
Жырдан алам ашудың есесін мен.  
Муза деген кінәмшіл ханшадай  
У да ұсынар бал құйған кесесімен.

Көгертем деп мен-дағы жыр шыбығын,  
Біндынымнан ырықсыз ыршып үнім,  
Жүдегенін жүйкенің білші, гүлім,  
...Түсінгенге түрме ғой тұл дүние,  
Махаббатсыз қор етсе тіршілігін!

## АҚЫН

(Есепшнен)

Мас тіршілік мазамды алмас,  
Дауа табам бәрібір мен –  
Шайханада ғазалға мас  
Тегерандық сары гүлден...

Шай құяды қарақ мына,  
Бір саусағын бүгіп тұрып.  
Ащы арақ пен шарапты да,  
Күрең шаймен ұмыттырып.

Құй, қожайын! Төзімге қат!  
Сіздің бақтың гүлдері көп.  
Маған жұмбақ көзін қадап,  
Перде қымтап үлгерді ол тек.

Сұлулықтың әнісің бір,  
Таңғы шықтай түр-өңіңе,  
Хорасанның шәлісін дүр,  
Қидым Шираз кілемін де.

Құй, қожайын! Мені емдеген  
Күрең шай ма!? Жалғандық жат,  
Бұл ғұмырға сенем деген  
Жүректегі арманды жақ!

## ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ

Салт аттыдай тым шапшаң  
жүрегім соқты, кештегі үн...  
Бұл бұрын ойлап қойғандай  
Алланың ісі ед (не істермін?!)  
Жер бетін сипап көлеңке,  
Таулардың басын жұтып түн,  
Тұманнан көйлек киініп,  
тоғайлар шашын тұтып мұң,

Бұталардың арасы,  
(боларын солай сезіп ем)  
Түн қарап тұрды тамсанып  
мыңдаған қара көзімен.  
Аянышты жүзбенен  
аспанда өксіп аппақ Ай,  
Кішкентай құстар дүрлікті  
жел алып қашқан мақтадай.

Үрейлі сәтте үрікпен –  
бұл түнде қанша ғажап бар,  
Адыра қалған бойынан  
қайғылы, улы мазақтар.  
Мен саған үнсіз қараймын  
бейілмен құлап, егіліп,  
Жайдары, жылы қуаныш  
көзқарасымнан төгіліп.

Жүзінді сұлу аймалап  
көктемнің қызыл желі есті,  
Мейірімділіктің бейнесі  
Тәңірден кемдеу емес-ті.  
Таң атты міне, Күн шықты,  
қоштасу ауыр жүрекке,

Сендегі ләззат, уайым  
тоғысып жалғыз тілекке.  
Мен кеттім... Тұрдың артымнан  
қия алмай ұзақ мұнайып,  
Бақыты кемдеу кеудеге  
тек біздің жүрек лайық.



## СҮЙІНБАЙ

Алатау жақта сіз ғаріп,  
Қаратау жақта біз ғаріп,  
Замана мынау не дейді  
қара өлең жаққа сызданып?!

Тазарта алмай жүректің  
түбіне тұнған тотын біз,  
Бағаналы терек жарылып,  
бақыраш жамап отырмыз.

Қара Жер-Аспан астында  
өзіңмен жырды тете емсем,  
Аруағыңды шақырып,  
бөрілі байрақ көтерсем.

Сүйегі бөлек Сүйекем,  
кел-дағы бізге қарап көр,  
Бөріден тудық дейді-ау кеп  
бөрлігіп жүрген нәлеттер.

Оң жағымнан да жел тұрып,  
сол жағымнан да жел тұрып.  
Тәуелсіз байрақ астында  
тәуелді біздей бөлтірік

Ішіне сыймай арманы,  
жанарға жасы тұнып бір,  
Сүйекем жатқан төбенің  
түбінде көкке ұлып тұр!

## ҚОЛҚА

«Әуелеп ұшқан алты қаз»  
(«Қыз Жібек» жыры)

Төменде қалдым ғой,  
Биікке бағыт бақ болар ма екен?!  
Ей, аласа арман, аптықпа!  
Ақтық па?!

Е, оны бірде кірлетіп алғам  
Шомылып жүріп шаттыққа.

Қонып кетіндерші,  
Алақанымда ақ тарым да жоқ,  
Ақ арымменен жемдермін.  
Сендер мын.  
Алла ауылына алып ұшыңдаршы,  
Нала-мұңымды... емдер кім!

Өлең оқыңдаршы!  
Баратынымыз бір жер ғой түбі.  
Әйбат әлемге әл тірейінші,  
Сәл түрейінші етегінді.  
Құйып қой, құрбым, уыңнан,  
У-шу қалада тәлтірейінші.

Кеуіп барамын.  
– Сүт беріндерші?  
– Біздерде сүт мүлде болған емес!  
– Ауа сатыңдаршы, құлдығы-ем?  
– Ауаның бәрі таусылып кеткен...  
...Су тамызбайтын тірлігім.

## ТҮНДЕГІ ОЙЛАР

Түндегі ойлар тәтті болар бәрінен,  
Жарық кезде жазған жырдың мәнінен.  
Жүрегімде бүлкілдейсің бүр жарып,  
Қанға түскен қызғалдақтың дәні ме ең?

Түндегі ойлар ащы кейде удан да,  
Қаша қоймас көңіліңнен қуғанға.  
Шарап ішіп отырамын ондайда,  
Сен келмеген жабырқаулы думанда.

Түндегі ойлар шыңырау һәм шын, биік,  
Тіршілік бар түпсізінде тұңғиық.  
Аяқ асты болмасын деп арманың,  
Ай жымияр сүйеп қойып түнге иық.

Түндегі ойда жалғыз түйін болады,  
Түйін баққа не сорға әкеп соғады.  
Сорға соқса, гүліміз де солады,  
Бақты, бірақ, көрген кісі жоқ әлі.

## АЛАТАУ

Алатау, сен де ғаріп, мен де ғаріп,  
Келеміз жүрекке мұң теңдеп алып.  
Мен саған жыр оқиын, қасыма кел,  
Қайтеміз түсінбейтін елге налып.

Алатау, сен де биік, мен де биік,  
Қосылсақ – қосылғандай шерге күйік.  
Сені Күн, мені күншіл менсінбейді,  
Тұрған соң табанымыз жерге тиіп.

Алатау, сен де көркем, мен де көркем,  
Ботаңдай бауырыңа бас, еркелесем.  
Қобыздай қоңырың ем,  
Қолыңа алып,  
Мен дайын, жан сырынды шертем десең.

Алатау, айналайын, барым-нарым,  
Алладан соңғы сенсің – табынғаным.  
Бұл қазақ сен болмасаң қайтер еді,  
Өзіңсіз менің-дағы мәлім халім.

Ақын жоқ жер бетінде мен сияқты,  
Тау да жоқ бұ ғаламда сен сияқты.  
Жадырап тұрайықшы, беу, Алатау,  
Қазасы, қайғысы жоқ ел сияқты.

## ҚОШТАСУ

Райы күннің бұзылды-ақ,  
Құстарын ертіп күз кетті.  
Қыл-қобыз дүние ызылдап,  
О, нені маған іздетті?

Қырлардан қашты қызыл гүл,  
Қызыл гүл еді – көңілім.  
Жылытпай қойды жүзін бір  
Өмірім маған, өмірім.

Ол-дағы кетті алыстап,  
Бар еді бір жан – жаны нұр.  
Анттасқан жоқпыз нан ұстап,  
Антқа өмір көнбес бәрібір.

Оралмас деп пе ең, о, жалған,  
Қоғалы көлге қу ұшып.  
Өткен күн өшті, жоғалған,  
Уайымдай берме у ішіп!

## СЕН МЕНІ ОЙЛАЙСЫҢ БА?

Сен мені ойлайсың ба?  
Мен қазір алыста жүрмін –  
Ғұмырын кешіп құлдың.  
Сағыныш-шаһтың сарайын соғып,  
Батпағын илеп мұңның.

Сені де мазалай ма  
Тағдырдың тоғыспас жолы?  
Тәңірдей дидарлым-ау!  
Қисыны қиғаш аруана фәни,  
Қол созшы, қиналдым-ау!

Сен мені ойлайсың ба?  
Мен сені күнде, жаным...  
Ал бүгін тілде балым –  
У болып уақытыма зәр құюда,  
Осылай уланғанмын.

Ұйқастық, ұқсастық па?  
Е, ондай бола алмадым.  
Қанымды ішіп қойды қабарған мұң.  
Бақыттың Сен сияқты бұтағына  
Баянсыз бүршік болып жаралғанмын.

Сен мені ойлайсың ба?  
Мен саған жеткізе алман  
Жанымның шөлдейтінін.  
Сарғайып сана, құс болдым ғой мен  
Көзімен сөйлейтұғын.

Кездеспей кеттік!  
Сені де өмір алып ағыстарға,  
Салды ма нанымы зор жарыстарға?

...Махаббат – мәңгіліктің мәңгүрттігі,  
Кететін бірге еріп ғарышка да!

Кездеспей кеттік неге,  
Уақытпен уланып сана,  
Аялап гүлдің мұңын?  
Ғашықтың ділі –  
Мәңгүрттің күні  
екенін білдім бүгін.

## ТҰМАР

Тағы да күн алыстады,  
Көкжиек көзінде – мұң.  
Өмірдің сабылыстары  
Жүректе – дым.  
Өлеңім әлі бала,  
Тірліктен ұқпасы көп.  
Ішімде кетер нәрсем  
Тісімнен шықпашы тек.  
Жүрегім қыса берер  
Ұрланған күндер үшін.  
Зымырап айналар Жер  
Қайталап күндегі ісін.  
Әргі мен бергі өмірдің  
Арасы бөлінбеген.  
Тел емген еркесімін  
Өмір мен Өлімді Мен.  
Шын асыл – үшбұрышты  
Ғаламның бойындағы  
Қара Жер – қара тұмар  
Құдайдың мойнындағы.  
Қанды сүт дірдектер кез  
Ғарыштың анарынан.  
Уа, Жалған, жарығынды үз  
Жапырақ жанарынан!–  
деп бәрін талақ қылып  
Сананы сайтан буып,  
Өзімнің мәңгі үйіме  
Содан соң қайтам күліп!



## СҮЙЕСІҢ БЕ...

Жалт бұрыларын  
Біле алмай жүрмін жан қашан,  
Жарқ етіп аспан --  
Жұмылып көзім қалмасам.  
Өмірді қайта басынан саған арнасам --  
Сүйесің бе мені?..

Түк емес екен бұрынғым,  
Тағы да тағы,  
Тағы да тағы сүріндім.  
Сүріну деген серті сынды ғой  
Ғұмырдың  
Сүйесің бе мені???

Бір сайтан күліп,  
Бір сайтан жылап  
арбады.  
Ақ моншағымды білдірмей үзіп  
Ардағы.  
Алданулардың жүрекке түсті салмағы.  
Сүйесің бе мені???

## ЖАНТАЛАС

Жаурасаң, жаным, жарығым,  
Қанатсыз құстай шарасыз,  
Дүния – Нұрдың парығын  
Мені ойлап еске аларсыз.  
Күндер де өшіп жоғалар  
Сабалап аппақ қанатын.  
Мен кеткен жақтан оралар,  
Мен кеткен жаққа баратын,  
Құстарға сәлем айтарсың,  
Жараспай кеткен тұз-дәмі.  
Махаббатымызды қайтарсын  
Тағдырдың күзгі ызғары.  
Періштелердің қыздары  
Перизаттардың ізгі әні...  
Тереңдеп қайғы құздары,  
Сыздады жүрек, сыздады...

## ТАМШЫ

Жанарында тұрып қалам өлгенше,  
Сені көкке... мені жерге көмгенше.  
Жанарынан тамып түскен сол тамшы  
Жас қайыңдай қабіріме өнгенше.

Қалды бір тал біз егетін егілмей,  
Не көктемей, не көгермей, не гүлдей...  
...Жүрегіңе нұр боп сіңіп бір тамшы  
Жанарыңда тұрып қалам төгілмей.

## КҮТУ

Мен саған хабарласам!  
Хабарласам...  
Жаныма бір жұбаныш таба алмасам,  
Мен деген періштедей бала едім ғой,  
Сен егер аялаған анам болсаң.

Мен саған хабарласам үміттеніп,  
Тағдырдың дегеніне... (Ұғып, көніп)  
Тәнім тұр жар басынан ұшқысы кеп,  
Жаным жүр мына өмірге күдіктеніп.

Мен саған хабарласам қажығанда,  
Бас игің келмесе де базынама.  
(Жаратқан қай ісіңе қол сұғып ем,  
Маңдайға осылай да жазыла ма?!).

Мен саған хабарласам күйінгенде,  
Иілмес жерде басым иілгенде.  
Келер ме саған шамам, келгенменен  
Ғұмырды жалғыз оқпен түйіндеуге.

Мен саған хабарласам, күле алмасам,  
Қайтейін халімді ұғып, тіл алмасаң.  
Жақындап о басында нең бар еді,  
Шешініп өрт ішіне кіре алмасаң...

## ҰЛУ ЖЫЛЫ

Он сегіз мың ғаламның кілті кімде?..  
Бәйшешектің ұйыған бүртігінде.  
Жарлы байға, Күн Түнге теңелгенін  
Жеткізе алмай ғапылмын жыр тілінде.

Айналғанын аңғарып тастың гүлге,  
Жұпарымды жалғанға шаштым бірге.  
Құшақтасып көрісіп өз Наурызбен,  
Ішпей-жемей мен-дағы маспын мүлде.

Науас, Қаяс сазына тербетілем,  
Исіндірген игагай келбетімен,  
Шайтан көшіп іңірде, бүгін түнде,  
Қыдыр жүріп өтерде Жер бетімен.

Он екі айда оралар сері құсап,  
Наурызына жаяды елі құшақ.  
...Мен таныдым қазақтың жанарынан  
Ұлып тұрған Ұлуды бөрі құсап.

## ҚҰН

Адам өледі екен ғой,  
Арзанға сатқан дос үшін күйіп.  
Шын дос көнеді екен ғой,  
Адамның құны сол үшін биік.

Жанымнан мұң лаулап барад,  
О, Жалған!  
Жалған – қас қағым ғана!  
Тырналар тыраулап барад...  
Достарым қайда?..  
Достарым бар ма?!

Бауырыңа қатты қысқанмен,  
Жанымыз табыспайды екен ғой.  
Құс құсап қатар ұшқанмен,  
Адамдар алыстайды екен ғой...

Жасырам жұртымнан нені?!  
Мың дос болса да,  
көп емес маған.  
Атпаңдар сыртымнан мені,  
Шарап сыйлаңдар – оқ емес маған!

## БАРДА

Ей, иманды,  
Ей, мейірімді – ізгі адам  
(Отқа қарап қалмайсыз ғой сіз одан),  
Жанға сайғақ, жүрекке ем үшін де,  
Құдай үшін, құйыңызшы жүз грамм.

Менің жаным жалғыз жұтым заһарда,  
Қолыңда тұр қосу-қоспау қатарға.  
Кім біледі, бәлкім, дос боп кетерміз,  
Бәлкім, мәңгі бір шығармыз сапарға.

Ей, иманды,  
Ей, мейірімді бүлдіршін,  
Мен көтерген тағдыр жүгін кім білсін?!  
Жылай-жылай Құсжолында адасқан  
Зағип кісі не нәрсені бүлдірсін?!

(Жас ғұмырын рәсуә еткен қасқа боп,  
Мына өмірден босқа өтіп, босқа кеп...  
Қатар тұрып Көкке қолын түйетін,  
Жанарыма тік қарайтын дос та жоқ.)

Ей, иманды,  
Ей, мейірімді қарғашым,  
Біздей ғаріп сізді қайтіп алдасын?!  
Қос алмасын қос қанатпен қымтаған  
Періштем-ай, пейіш деген бар ма шын!

## ҚАРЛЫҒАШ

Қозғалды қауым жазира даланы тастап,  
Жазира дала жасыды жамалы асқақ.  
Шырылдап көкте титтей құс қанаты талып,  
Қаралы жұртты Тәшкенге барады бастап.

Сол құсты басқа ел көрді ме, көрмеді білем  
Ұғымға сыймас өмірдің өрнегін өрген.  
Абылай қалды келені қайырып жалғыз,  
Түсіне еніп тағдырдың кермегі кілең.

Шанақта боздап қозғайды көне күй нені,  
Жүргенде кеше есікте, елемей елі.  
Құлдық пен жаудан құтқарып бауырына басып,  
Ұшпаққа осы жеткізген Төле би еді.

Судан да сұйық би сөзі назы жоқ болса,  
Кіреді шырай айдынға қазы кеп қонса.  
«Төле би өлген күн емес – бүгінгі күнің,  
Әділет өлген күн» депті Қазыбек сонда.

Аспанға оқып жырымды жалғанға наза,  
Қобыздай сарнап жүрекке толғанда аза.  
Қарлығаш бастап барыпты Тәшкенге елді,  
Төле би бабам дем бітіп болғанда қаза.

Сол құсты басқа ел көрді ме, көрмеді білем,  
Ұғымға сыймас өмірдің өрнегін өрген.  
Айналып кетті Төле би қарлығаш құсқа,  
Төрелігімен алашты тербеген, терең.

Жаныңды сенің жаралы сеземін, елім,  
Заманның мынау тарылған кезеңін көрдің.



Басына еркін бара алмай бабамның бүгін,  
Өртеніп ішім, өксиді өзегім менің.

Сөзімді менің неғылсын тобасы төмен,  
Тарихын жазған түркілер обасыменен.  
Өлсе де біздің бабалар болашақ үшін  
Белгілеп кеткен мекенін моласыменен.

Ақын ек асау о бастан теңеуі өктем,  
Ақиқат жылап тұр әне кенеуі кеткен.  
Қарлығаш құстан сұрасаң айтады бәрін...  
Қазақтың жері, дариға-ай, кең еді неткен.

## ӘДИЛӘ

Уа, Әдилә!

Мынау қалың қорымға

Бір басыма қос Ай қадап кіріп ем,

Сірі деммен серт тайысқан күні мен.

Алғашқысы – аруақтар, соңғысы –

Жасыл өнді ғасыл ғарақ тіріден,

көңілім қап Маралтай мен Құдайға,

Маңдайымда қара сызық Күн, Айға,

«Қарабақ қып сезімімді таптатпа!» –

деп мінәжат етпеп пе едім Ұмайға?

Сау қанатым қалмаған соң күймеген,

Рухымды қан мен сүтке илеп ем.

(Саған жаным ашитыны тағы рас

Емшегіне еркек ерні тимеген).

Е, Әдилә, айналайын Әдилә!

Қапелімде шыға келіп нұрдан сіз –

Мұндана алмас мисыздарды мұнданғыз.

Қара түсті қалампырды құшақтап,

Құлпытастан күліп қарап тұрған қыз.

## АРАЗДАСУ

Сыйласа алмай, сыйыса алмай әніме,  
«Бүйткен күннің, – деді дағы – мәні не?!»  
Ынтықтығы ұлғайған соң көкке тым,  
Жаным менің жат боп кетті тәніме.

Сорлы санам ұғып болмас сыңайда,  
Сан қайғылы жайлар өтті бұл айда.  
Опат болды бір сезімім көз тиіп,  
Енді ғана жетіп қап ед Құдайға...

Сезесің бе мен түршіккен мәнді сен,  
Кеңістікте жылжып келед қанды сең.  
Бұдан кейін жолықтырсаң,  
таң қалма,  
Жан азасын өзі оқыған жанды сен.

Қияйы ойым үш өмірге тамырлас,  
Оған орар кебін Жерден табылмас.  
Қол созады қобыз шалып аспаннан  
Жалғыз жаным  
жұлдыздармен қабырлас...

## БАҚЫТ

Сорлап жүрсің билік айтар тақ болмай,  
Жүрмін мен де басыма бір бақ қонбай.  
Жердің беті – шахматтың тақтасы,  
Тоқтамайтын корольдері мат болмай.

Тағдырыммен әзілдестім тіресіп,  
Тақ пен баққа қызыққам жоқ күресіп.  
Бір кездері сүйген едім бір қызды,  
Сол қызбенен кетсе керек ілесіп.

Маған солай, бәлкім, сізге күлкілі,  
Бақыт деген – балмұздақтың бір түрі.  
Оны көрсем одан бұрын мұз болдым,  
Жанарымды жалықтырып жылтылы.

Оу, оң көзім, қабақ шытпа сол көзге,  
Сен де, ей, Бақ, сәтсіз күні жол кезбе.  
Танымас та ең, қонбас та ең бәрібір,  
Бөтелкенің қасында едім ол кезде.

Ақындардан арылған жоқ сор әлі,  
Мойынымда – бар Әлемнің обалы.  
Бақыт деген атақ, мансап болса егер,  
Бақытсыз-ақ күн кешуге болады!

## ЖЕЗӨКШЕ

Мен қайтейін, тағдырыма көз өтсе,  
Ете берсін, былайғылар сөз етсе,  
Одан кейін жолыққан жоқ ондай жан,  
Жалғыз түнге жолдас болған жезөкше.

Шексіздіктен сыр жеткізіп тұнық түн,  
Тұнық түннің ләззатына құнықтым.  
Мен сіз жайлы  
Және бүкіл қыз жайлы  
Ғайбат ойдың жетегінде жүріппін.

Жаттың солай бауырымда шашылып,  
Періштемнің алапасын қашырып.  
...Ай боп жылап қарап тұрды әйнектен  
Махаббатым!..  
Аяғы – сор, басы – үміт...

## О ДҮНИЕГЕ ХАТ

*«Мен өлермін алтын Күннің шығуына қарамай»*

**С. Ерубает**

Алтын шашын тарқата алмай батқан Күн,  
Арыстай боп Ай астында жатқан кім?!  
Ағып барып жоқ боп кеткен сәріде  
Анау жарық жұлдызы ғой Саттардың.

Тас түнекті тас төбеден қашырып,  
Аппақ өлең бара жатыр шашылып.  
Сүттей сәуле Құсжолына сіңгенде,  
Ал қара көк кеңістікке асылып.

Ажал сыры түйсігінде сақталған  
Ғазал сыры мәлім болған Саттардан,  
Қанаты бар қарындастар дүрлігіп,  
Пыр-пыр етіп ұшып жатыр бақтардан.

Тірілердің бәрі өледі – мұндаспыз,  
Өлгендердің бәрі тірі – құрдаспыз!  
Қыршын кеткен ақын көрсең, сәлем айт,  
Жиырма үшімде ұшып кеткен, сырлас қыз.

Бақыт бар деп босқа өткізіп күндерін,  
Сүйретіп құр сұлдерін.  
Амалы жоқ, ақпаған соң жұлдызы,  
Қанаты жоқ, қайғы жұтып жүр дегін.

Құстар қайта қонып жатыр бақтарға,  
Осылай деп бұлжытпай айт Саттарға.  
Бататын күн шығу үшін батады,  
Жалғыз біз бе жетпей кеткен ақ таңға.  
...Маралтай деп қол қоюым шарт емес  
О дүниеден жауап келмес хаттарға.

## ЖҮРЕК

«Тоқтайын ба!» – дейді маған жүрегім  
(Ол тоқтаса, не боларын білемін...)  
Сұлу қыздың дидарындай дүние-ау,  
Не болады мен кеткен соң реңің?..

Сен тоқтарсың су құйғандай отқа, рас,  
Сен тоқтарсың,  
Өмір бірақ тоқтамас.  
Сен бақытты о дүниеден іздейсің,  
О дүниең бұ дүниеге – бақталас!

«Тоқтайын ба!» дейді маған несіне?!  
Тоқтап қалған таулар түсті есіме.  
Көшіп жатқан бұлттар түсті есіме,  
Асау өзен ағып жатыр көсіле.

## ШЕБЕР

Шетсіз, шексіз ғаламға  
Жұлдыз шашып, Күн қадап...  
Ғұмыр берген адамға,  
Алла, Сізге – мың мадақ!

Қауыштырған өмірмен,  
Мейірімі зор орасан.  
Сізді көрем көңілмен –  
Қай жағыма қарасам.

Тағдырымның наласын  
Сізге ғана шертем мен,  
Көк пен Жердің арасын  
Шұғыламен көмкерген.

Бір ғаламат күй кешіп,  
(Жаратқанның жарлығы!)  
Тау мен дала үйлесіп,  
Теңіз, мұхит – барлығы.

Жанарыма сыяды  
Балбұлақтың сылдыры.  
Көлдің көркем қияғы,  
Бақалардың былдыры...

Қар мен мұзың шекердей,  
О, не деген құдірет!  
Тас та сөйлеп кетердей,  
Көзің түссе бір рет.

Жазираның самалы,  
Қыр сағымы балқыған,  
Сізді есіме салады  
Гүл жұпары аңқыған.



Сізде менің бесігім –  
Арман, аңсар, мұратым.  
Екі Дүния есігін  
Теңестіріп тұратын.

(Қам қылыңдар, қамсыздар!..)  
Дархан, дара, серіксіз,  
Бүкіл жанды, жансыздар,  
Сізге мұқтаж еріксіз!

Мызғымайтын қазығым,  
Азан салам озаң ғып.  
Шебер Алла, разымын,  
Жіберсе де тозаң ғып.

Бәрі Сізден көктейді,  
Талғамыңа зиялы  
Ақын тілі жетпейді,  
Суретшінің қиялы.

Жалқы, жалғыз тірегім,  
Жаным қашан жай табад...  
Лүп-лүп соғар жүрегім,  
Есіміңді қайталап.

Он сегіз мың арсыны  
Нұрға бөлер лайым.  
Жүрегімнің бар шыны –  
Сізді сүйем, Құдайым!!!

## МАЗМҰНЫ

Асау .....	5
Бір қыз туралы аңыз.....	7
Көне Тараз .....	9
Жез қоңырау .....	10
«Бозінген».....	11
Сүйінші .....	12
Адасқақ .....	13
«Айнамкөз».....	14
Күзгі палитра.....	15
Қаңғыбас-1.....	16
Қаңғыбас-2.....	18
Қара таңбалы хат .....	19
Махаббат .....	20
Алғашқы сезім.....	21
Қарағаш.....	23
Автопортрет.....	24
Ғұмыр.....	26
Қазанама.....	27
Қызыл өлең .....	29
Сұңқардың соры .....	30
Ғаріп .....	32
Жырау.....	34
Кентавр.....	36
Құйын .....	38
Жесір .....	39
Қызғыш .....	40
Натюрморт .....	41
Мұхаммедті растау.....	42
Қарабура. Түс .....	43
Жаза.....	44

Әйел.....	45
Шешім.....	46
Күдірет.....	47
Ақиық.....	48
Алматы.....	49
Махамбеттің мүсіні.....	50
Зоологиялық терминдер.....	53
У қайтару.....	54
Ымырт.....	56
Қағаз.....	57
«Құранға еліктеу».....	58
Қолбұлғар.....	59
Менің бөлтіріктерім.....	60
Сауға.....	61
«Жас Алаш».....	62
Мұқағали.....	63
Ай.....	64
Жоғалту.....	65
Алаң.....	66
Күз. Алматы.....	67
Тұман.....	68
Құса.....	69
Тәубе.....	70
Ақан.....	71
Сот.....	73
Сентиментальді құбылыс.....	74
Зираттағы зар.....	75
Ғазиз сезім.....	77
Наз.....	78
Игілік.....	79
Шираз түні.....	80
Би.....	82

Сәуір.....	83
Жаңа жыл түні.....	84
Өзек.....	85
Дос.....	87
Ақырзаман. Алматы.....	88
Таң.....	90
Күпірлік.....	91
Армансыз.....	92
Жұбату.....	93
Оптимизм.....	94
Қараңғы.....	95
Ару Алматы.....	96
Ауыш.....	97
Кербұғы.....	98
Көрғау.....	99
Қобыз.....	100
Маңырақ.....	102
Бір қыз.....	104
Өмір.....	105
Тағдыр.....	106
Неғылайын.....	107
Жалғыздық.....	108
Ана.....	109
Аңсар.....	110
Дұға.....	111
Муза.....	113
Жазмыш.....	114
Өң мен түс.....	115
Елес.....	116
Бөрі.....	117
Диуана.....	118
Көкжиек.....	119

Ібіліс .....	120
Жұтылу.....	122
Анатомиялық ағым .....	123
Жас жуар.....	125
Айт дедің-ау.....	126
Той .....	127
Көзмоншақ.....	128
Найзағай.....	129
Ар.....	130
Бейопа .....	131
Кенесары.....	132
Гүл .....	134
Қыс .....	135
Үміт .....	136
Жермен қоштасу.....	137
Керімсал.....	138
Тылсым.....	139
Күз .....	140
Қайшылық.....	141
Ақын.....	142
Қызыл жел .....	143
Сүйінбай .....	145
Қолқа .....	146
Түндегі ойлар .....	147
Алатау.....	148
Қоштасу .....	149
Сен мені ойлайсың ба? .....	150
Тұмар.....	152
Сүйесің бе.....	153
Жанталас .....	154
Тамшы .....	155
Күту .....	156

Ұлу жылы.....	157
Құн.....	158
Барда.....	159
Қарлығаш.....	160
Әдилә.....	162
Араздасу.....	163
Бақыт.....	164
Жезөкше.....	165
О дүниеге хат.....	166
Жүрек.....	167
Шебер.....	168

**Маралтай**

**АСАУ**

*Өлеңдер*

Мұқабға суретші Нұрлан Бажировтың туындысы пайдаланылды

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Ұ. Оспанбай*

Көркемдеуші редакторы *Н. Тілеуімбеков*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректорлары *Ү. Бахова, Ә. Кенжалина*

Компьютерде беттеген *Е. Козлова*

ИБ № 168

Теруге 29.11.2013 берілді. Басуға 26.12.2013 қол қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ .  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 9,24. Есептік баспа табағы 5,08.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс 8762.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-і. 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 7  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің  
Полиграфкомбинаты. 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.





## Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ

Ақын. 1969 жылы туған. Өлеңдері 1987 жылдан бастап республикалық басылымдарда жарияланған. 1996 жылы «Ай-Нұр» атты тұңғыш кітабы және 1999 жылы «Ай» деген өлеңдер жинағы жарық көрген. «Студенттер көктемі» фестивалінің бас жүлдегері болған.

Қазақстан Жазушылар одағында Әдебиетшілер үйінің директоры, 2007–2008 жылдары «Кентавр» газетінің Бас редакторы, 2008–2012 жылдары Қазақстан теле-радио корпорациясында редактор-жүргізуші және республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарған.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты. Қазақстан Республикасы Президентінің 4 мәрте стипендиаты, Грантының иегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

ISBN 978-601-282-889-4



9 786012 828894